



## Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына ҮНДЕУІ

### Құрметті отандастар! Ардақты ағайын!

2022 жыл халқымыз үшін күрделі де қатерлі сынақтан басталды.

Баршаныңа мәлім, ұйымдасқан экстремистік топтар елімізде жаппай тәртіпсіздік орнатып, террористік шабуыл жасады.

Сонын салдарынан бейбіт тұрғындарымыз зардап шекті.

Қасіретті оқиға кезінде қаза болғандардың жақындары мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

Лаңкестер елдігіміз бен егемендігімізге, тыныштығымыз бен тұтастығымызға қауіп төндіріп, жұрттың берекесін қашырды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шұғыл шешімдерінің арқасында ел іргесі сөгілген жоқ.

Мемлекет басшысың қолдау – баршамыздың азаматтық борышымыз.

Ендігі кезекте осы оқиғадан сабақ алып, мұндай бассыздыққа жол бермеуге тиіспіз.

Бабаларымыз ғасырлар бойы ансаған тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде атқарған істеріміз аз емес.

Қазақстан әлемге танылған еңселі елге айналды.

Ұлан-ғайыр шекарамыз түбегейлі бекітілді.

Елімізде іргелі реформалар жүзеге асып, Орталық Азияда көш бастадық.

Еуразия жүрегінде, Сарыарқа төсінде жаңа астанамыз бой көтерді.

Бірлік барда ешбір жау сағымызды сындыра алмас.

Қантар оқиғасы бүкіл Қазақстанды дүр сілкіндірді. Бұл ұйымдасқан тәртіпсіздіктер мен Қазақстанға жасалған шабуылдың мақсаты – елдің тұтастығы мен мемлекеттің іргетасын бұзу еді.

Бұл оқиғалар тәуелсіздіктің көздің қарашығындай, ерекше ұқыптылықты талап ететін нәзік ыдыстай қастерлеу керектігін тағы бір рет дәлелдеді.

Өткен трагедия бәрімізге сабақ болды. Бүлік пен қырғынды кім ұйымдастырғанын анықтау маңызды. Бұл сұраққа тергеу жауап береді.

Қаза тапқандардың туған-туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамын және зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуін тілеймін.

Менің атыма келіп түскен көптеген өтінішке және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған хабарламаларға байланысты 2019 жылы Президент өкілеттігін Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсырғанымыз және сол уақыттан бері зейнеткер екенімді хабарлаймын. Ал қазір Қазақстан астанасында зейнет демалысындамын және ешқанда кеткен жоқпын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев толық билікке ие. Ол – Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы. Жақында Президент «Nur Otan» партиясының Төрағасы болып сайланады. Осы себепті элита арасында ешбір қайшылық не текетірес жоқ. Бұл тақырыптағы қауесеттер мүлдем негізсіз.

Мен 30 жыл бойы Отанымыз үшін аянбай еңбек еткенім бәріне мәлім.

Біз шекараны шегендедік. Біз прогрессивті реформалар жүргіздік.

Біз бірге тәуелсіз Қазақстанның негізін қаладық, әлеуметтік-экономикалық дамуға үлкен жетістіктерге жеттік, тек Орталық Азияда емес, ТМД елдері арасында да көп көрсеткіш бойынша көшбасшы атандық.

Қазақстан әлемдік қауымдастықта танымал әрі беделді мемлекетке айналды. Бұл – барша қазақстандықтардың ынтымағы мен бірлігінің жемісі.

Менің басты мақсатым қашанда елдің тұрақтылығы мен тыныштығы болды. Бәрімізде осы мәңгілік құндылықтарды қастерлеуіміз керек. Біз бұл дағдарыстан міндетті түрде өтеміз және одан да қуатты боламыз.

Президент халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жаңа реформалар бағдарламасын жариялады. Бұл бағдарламаны қолдау керек.

Қымбатты отандастар, Сіздерге зор денсаулық пен амандық тілеймін!

Мен Мемлекет басшысы лауазымында жүргізген реформалар мен жаңғырулар бағытын қолдағаныңыз үшін алғыс айтамын.

## ЖАЛАҚЫ ӨСТІ, БІЛІМ САПАСЫ АРТТЫ МА?

Жыл мұғалімдер үшін жақсы жаңалықпен басталды. Осымен үшінші рет балабақша тәрбиешілерінің, мектеп пен колледждердің, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесі педагогтерінің жалақысы тағы 25%-ға ұлғайды. Мұғалім мәртебесінің артып, қағазбастылықтың азайғаны жақсы. Ал білім сапасында өзгеріс бар ма?

Елімізде педагогикалық бағытта білім сапасын арттыру үшін іргелі реформалар жүргізіліп келеді. Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде алғаш рет «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. 2020 жылы дайындықтың пе-

дагогикалық бағытына түсу үшін шекті балл 60-тан 70-ке дейін, 2021 жылы 75-ке дейін көтерілді. Соған қарамастан педагог болғысы келетін жас тұлғалардың саны жыл сайын артып жатыр. Әсіресе, «Алтын белгі» иегерлері мұғалімдікті

көп таңдайды. Өйткені педагог мамандығында оқитын студенттердің шакіртқақысы – 50 мың теңге, ал басқа студенттердің шакіртқақысы – 32 мың теңге.

6»



## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛАДЫ

Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жариялады. Онда: «19 қаңтарда түн жарымнан кейін, яғни сағат 00.00-ден бастап Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында, сонымен қатар Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында төтенше жағдайдың күші жойылады.

Бұған дейін Президенттің Жарлықтарына сәйкес, өзге өңірлерде төтенше жағдай мерзімінен бұрын тоқтатылған болатын.

Осылайша, бүкіл ел аумағы қалыпты өмірге оралады. Төтенше жағдай кезіндегі қоғамдық тәртіпті қорғауды күшейту және еркін жүріп-тұруға, елді мекендерге кіруге және шығуға, тағы басқа

қосымша енгізілген шектеу шаралары да жойылады.

Халықтың бірлігі мен тұтастығының, құқық қорғау органдары мен әскерилердің жанкешті іс-қимылдарының арқасында Қазақстанның барлық аумағында тәртіп пен тыныштық қалпына келтірілді.

Елімізде әрқашан бейбітшілік пен игілік болсын!» делінген.

## ӨЗІ КӨГІЛДІР, БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР

«Абайлаңыз, газ» дейтін ескертпе сөз қаңтардың басты дабыл белгісіне айналғандай. Себебі бір жағынан елдегі толқуларға газ триггер түрткі болса, екінші жағынан елдің газ нарығын бірнеше алпауыт басып, басыбайлы иеленіп отырғаны өшкереленді. Президент Қ.Тоқаев газ бағасына мораторий жариялады, бәрі тынышталды. Ал саланың жылдар бойы қордаланған проблемалары әзірге шешілген жоқ.

Мысалы, ұлттық оператор «ҚазТрансГаздың» 2015-2019 жылдардағы залал-шығыны 300 миллиард (!) теңгені құраған. Бұл шығын шетелге газды қымбаттау бағаға экспорттау арқылы өтеліпті. Алайда 2020-2024 жылға дейінгі «ҚазТрансГаздың» залалы 879 миллиард теңгеге дейін жетеді деп күтіліп отыр.

### ОЛИГАРХТАР АСТЫНА БАСҚАН САЛА

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бұл саланы олигополия жайлаған дейді: «Отын-энергетикалық кешен саласындағы олигополистік топтардың үстемдігі, әсіресе сұйытылған мұнай газы (СМГ) нарығында ең жоғары деңгейге жеткен. Бұл салада Қазақстанда небәрі 3 негізгі өнім беруші – CNPC, Petrosun және KMG нарықтың 70%-дан астамын астына басқан. Ал қалғаны – жекелеген жергілікті өндірушілер ғана, олар газды не-



гізінен географиялық орналасуына сәйкес белгілі бір елді мекендерге ғана жеткізеді», – деп мәлім етті антимонополиялық орган. Бұл – бір проблема.

Алпауыттарды қыспаққа алу арқылы мемлекет көгілдір отын-

ның бағасын алты ай бойы ұстап тұрмақ. Ары қарай босатып қоя берсе, баға да жүгенсіз кетіп, шарықтай жөнелуі мүмкін. Бұл – екінші мәселе.

(Жалғасы 4-бетте)

## ХАЛЫҚҚА «ҚОЛЖЕТІМСІЗ» ҚОР

Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізілгені турғындардың тарапынан арыз-шағым толастаған жоқ. Бағдарлама қолданысқа енгізілген бірінші жылдың өзінде ғана тегін қызмет сапасына қатысты он мыңға жуық шағым түскен. Есесіне жыл сайын МӘМС-ке миллиардтап жарна аударатын науқастардың жанайқайына құлақ түретін жауаптылар жоқ. Керісінше, жаңа жылдан бастап жарна көлемін тағы өсіріп тастады. Жарна құнын көтеру сапалы медициналық қызметті қолжетімді ете ала ма?



МӘМС жүйесінде сақтандырылған адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

ұсынатын медициналық көмектің кеңейтілген спектріне ие болуы тиіс. Профилактикалық медици-

налық тексерулерге учаскелік дәрігердің нұсқауы бойынша арнайы маманданған дәрігердің қабылдауы, созылмалы дертке шалдыққан жандардың бейінді мамандардың бақылауында болуы, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсету, халықтың белгілі бір категориясына шұғыл және жоспарлы түрде стоматологиялық көмек көрсету, диагностикалық қызметтер, оның ішінде лабораториялық диагностика (УЗИ, рентген, КТ, МРТ); мамандандырылған жоғары технологиялы, стационарлық медициналық көмек, медициналық оңалту, стационарда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету сынды бірқатар медициналық қызмет кіреді.

(Жалғасы 5-бетте)

## ЖОҒАЛҒАН АЗАМАТТАР ҚАЙДА?

Елдегі жаппай бүлік кезінде жоғалғандардың саны нақтыланбады. Көп азамат әлі күнге дейін із-түзсіз кеткен туыс-жақынын таба алмай әлек. Жазықсыз істі болғандарды ақтап, хабарсыз кеткендерді табу үшін көмек сұрап жүргендердің қарасы қалың. Яғни, жұрт «Қаңтар трагедиясының» зардабын әлі тартып келеді. Құқық қорғау органдары тайлы-туяғымен бүлікке қатысы барлардың соңына шам алып түскен шақта хабарсыз кеткендерді іздеу қиынға соғып отыр. Дегенмен әр өңірде іздеу салып жүрген еріктілер еңбегі көңілге демеу. Сонымен, бүлік кезінде қанша адам жоғалды, қайда жүруі мүмкін?

5»



## Министр «омикрон» белгілерін атады



Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың айтуынша, Қазақстанда «омикрон» штамы қарқынды таралуда және бүгінде Түркістан облысын қоспағанда, бүкіл ел «қызыл аймақта». Соңғы айда коронавируспен ауыру 19,6 есе өсті.

ДСМ басшысы «омикрон» коронавирусымен ауыру жеңіл және асимптоматикалық түрде жүретінін және шамамен 2 күндік қысқа инкубациялық кезеңге ие екенін хабарлады.

«Аурудың алғашқы белгілері – қызу, әлсіздік, бас ауруы, жөтел, буындардың ауыруы.

Ауруханаға жатқызылғандардың үлесі – анықталған жағдайдың 19,5%-ын құрайды, стационарға аурудың орташа және ауыр дәрежесі бар пациенттер түседі. Оларда температураның 3 күннен астам жоғарылауы, интоксикацияның айқын белгілері, енгізу байқалады, сондай-ақ қауіп тобына жататын науқастар бар. Бұл ретте ауыр және өте ауыр науқастардың үлесі ауруханаға жатқызылғандардың 5%-ын құрайды, олар реанимация бөлімшесінде жатыр», – деді министр.

Елде 3 054 мобилді бригада, резервте 1 622 бригада жұмыс істейді. КВИ науқастарды

амбулаториялық емдеуге учаскелік медицина қызметкерлері тартылған. Шұғыл медициналық көмекті 1 486 жедел медициналық жәрдем бригадасы көрсетеді, резервте – 150. КВИ медициналық көмек көрсетуге барлығы 40 мыңға жуық медицина қызметкері жұмылуда: оның ішінде 7 239 – дәрігер. 4 556 медқызметкерден тұратын резерв бар, оның ішінде 1 217-сі – дәрігер.

Ажар Ғиният қазақстандықтарды тезірек вакцина алуға шақырды. Сондай-ақ «омикрон» және «тұмаудың» ұқсастығын ескере отырып, азаматтарды дер кезінде медициналық көмекке жүгінуге үндеді:

«ЖРВИ белгілері пайда болған кезде үйде болуды, дәрігердің үйіне немесе мобилді бригадаға қоңырау шалуды сұраймын. «Омикрон» нұсқасы өте жұқпалы, тез таралатынын, бірақ уақытылы емделсе, емхана деңгейінде оңай емделетінін естеріңізге саламын. Әрине, екеннің алғашқы курсы алу керек, ал 6 ай бұрын вакцина алғандар қайта екеп алуы қажет», – деп түйді Денсаулық сақтау министрі.

Елдос СЕНБАЙ

## Pfizer ақылы болмайды

Қазақстандықтар ақылы түрде Pfizer-ді салдыра алмайды. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов айтты.

«Pfizer қазірдің өзінде қолжетімді, 4 миллионнан аса доза сатып алдық. Бізде вакцина алатындар 12 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жүкті, бала емізетін әйелдер. Бұл тұрғыда вакцина жүріп жатыр. Сонымен қатар ұжымдық иммунитеттің қалыптасуын ескере отырып, 60

және одан жоғары жастан асқандарға салуға мүмкіндік берілді. Sinopharm, QazVac бар екенін ұмытпауы керек. Менің ойымша, қолжетімділік мәселесі күн тәртібінде тұрған жоқ. Тағы 1 миллион дозаға тапсырыс береміз», – деді Тоғжанов.

Вакцинаның ақылы болмайтынының себебін түсіндірді. «Менің ойымша, бұл сұраққа бірнеше рет жауап берілді. Бұл – Pfizer компаниясының ұстанымы, вакцины сатпауға шешім қабылдады», – деді вице-премьер.

Ж. НҰРЛАН



## Олимпиадаға билет сатылмайды

Бейжің осындай шешім қабылдапты. Қысқы Олимпиада ойындарының ұйымдастыру комитеті билеттерді ашық сатылымға шығармайтын болып шешіпті.

Мұндай шешім шығаруға елдегі және әлемдегі күрделі эпидемиялық жағдай себеп болып отырған секілді. Билеттерді ашық сатылымға шығаруға

рұқсат жоқ, бірақ билеттер белгілі бір көрермен топтарына тікелей таратылады.

«Ойынды тамашалауға арналған орындарды тек вирусқа қарсы қауіпсіздік шараларын қатаң сақтайтындар ғана ала алады. Олардың арасында билет квотасы бөлінеді», – делінген Олимпиада ойындарының ұйымдастыру комитетінің мәлімдемесінде.

Ж. НҰРЛАН



## 676 адам қамаудан босатылды



Қаңтардағы жаппай тәртіпсіздік салдарынан 8 354 әкімшілік іс сотқа жетті.

Бас прокурордың аға көмекшісі Азамат Сарғазиннің айтуынша, сотта қаңтардағы

қақтығыстарға қатысты барлығы 8 354 әкімшілік іс қаралды.

«Соттар мен прокурорлар кінәсін мойындап, қателігіне өкінген 3 337 адамды қамауға алмай, оларға тек ескерту жасады. 1 653 іс бойынша сотайыппұл салды. 1 002 адам қамауда отыр. Қамаудағылардың әкімшілік жазасын жеңілдету мақсатында прокурорлар апелляциялық сотқа 1 758 өтініш хат енгізді. Прокурорлардың өтініш хаты бойынша 676 адам қамаудан босатылды. 344 адамға ескерту берілді. Прокурорлардың жазаны жеңілдетуге байланысты 738 өтініш хаты қаралып жатыр. Бұдан бөлек, тағы 358 әкімшілік іс сотқа жіберілмей тоқтатылды», – деді Азамат Сарғазин.

Г. БЕКЗАТ

## Елден қашқандар ұсталды



Құзырлы органдар бүлікке қатысып, қылмыс жасап, енді шетелге табан жалтыратпақ болғандарды ұстауды жалғастырып жатыр. «Нұр-Сұлтан» Шекаралық бақылау басқармасының әскерилері елорда әуежайының нысандарын күзету мен қорғауды жүзеге асыру кезінде Ресейге кетуге қамданған Қазақстанның 2 азаматын ұстады.

Бұл туралы Ұлттық қауіпсіздік қызметінің баспасөз қызметі хабарлады. Олардың жүгі мен қол жүгін тексеру барысында пышақтар мен кастеттерден тұратын суық қару түрлері, кісендер табылыпты.

Тексеру барысында күдіктілердің ұялы телефондарынан Алматы қаласындағы митингілерге,

Ерік ЕРДЕНОВ

демонстрациялық әрекеттер мен бұзақылықтарға қатысқанын растайтын бейнежазбалар табылды.

Ұсталғандарды ары қарай жауапкершілікке тарту үшін полицияның желілік бөлімі қызметкерлеріне берілді.

Бұдан басқа, «Ташкент–Нұр-Сұлтан» қатынасындағы халықаралық рейсті рәсімдеу кезінде, паспорттық бақылау жұмысының нәтижесінде жалған төлқұжаты бар Тәжікстан азаматы анықталды. Ол шекараны заңсыз кесіп өту мақсатында құжаттағы өзінің анықтамалық деректерін әдейі өзгерткен. Мемлекеттік шекара бұзушы келген жағына, яғни Өзбекстанға қайтарылды.

## Бүлікші сарбаздың итін ұрлап кетті



Ұлттық ұланның сарбазы Рүстембек Байхарашев бірнеше күннен бері өзін қоярға жер таппаған. Алматыда 5 қаңтардағы тәртіпсіздіктерді басу кезінде сарбаз жараланып, адал досы – «Найтс» атты қызметтік итін жоғалтып алады. Оны қылмыскерлер алып кетті.

– Шабубыл жасаушылар басымнан ұрды. Сол кезде сәл әлсірегенімді пайдаланып, қолымдағы бауын жұлып алып, қызметтік итімді алып кетті. Есімді жиған кезде қылмыскерді суреттеп беруге күш таптым. Оны бүгін қамауға алды. Полиция қызметкерлеріне алғыс айтамын, – деді Рүстембек.

Полиция бөлімшесінің қабырғасында иесі мен оның қайта табылған итінің қайта кездесуі

бейнеленген бейнеролик әлеуметтік желіге тарап кетті.

– Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында Алматы облысы аумағында, мегаполиске жақын жерде жаппай тәртіпсіздіктің белсенді қатысушы – 33 жастағы А. есімді азамат ұсталды. Төрт аяқты «жауынгер» байланып, сол аумақты күзетіп тұрған. Қазір ұсталған азаматтың қайғылы оқиғалар кезіндегі басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексеріліп жатыр, – деді Әуезов аудандық ПБ бастығы Ұлан Әбілқайыр. Кинолог-сарбаз Найтспен бірге қызметте жүргеніне бір жылдай болған екен. Оның айтуынша, ит өте ақылды, мейірімді әрі тәртіпті.

Ерік ЕРДЕНОВ

# ЕЛДІГІМІЗДІ САҚТАУ, БАРДЫ ҰҚСАТУ АСА МАҢЫЗДЫ

«Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек бейнеконференция байланыс режимінде барлық өңірлік филиалдармен жергілікті жерлерде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың таяуда өткен Парламент Мәжілісінде қойған міндеттерін орындауға қоғамдық және партиялық қолдауды қамтамасыз ету жөнінде жиналыс өткізді.

Отырыс қасіретті оқиға кезінде қаза тапқандарды бір минут үнсіз еске алумен басталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық». Еліміз осы күндері ауыр сынақты бастан өткерді. Сын сағатта Мемлекет басшысының бағыт-бағдары қабылдауының және халқымыздың даналығы мен сабырлығының арқасында қасіретті қаңтар оқиғаларынан өттік. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап қалдық. Қимас жандарынан айырылған барша отандастардың қайғысына тағы да ортақтасып, көңіл айтамын. Жарақат алған, соққы көрген азаматтардың тезірек сауығып кетуіне тілектеспін. Ең бастысы, елдің тыныштығы, адамдардың амандығы екеніне тағы да көзіміз жетті. Қираған дүние түзелер, өртенген ғимараттар қалпына келер, бірақ жүрегімізге түскен сызат ешқашан өшпейді», — деді Бауыржан Байбек.

Оның айтуынша, «Nur Otan» Мемлекет басшысы қойған әлеуметтік-экономикалық саладағы нақты міндеттерді орындауға өзінің бүкіл ресурсын іске қосқан.

Партияның Мәжілістегі фракциясы Президент атап өткен мәселелерді орындаудың заңнамалық негізін қамтамасыз ету ісіне қызығумен қатысады. Мәслихаттардағы депутаттар жер-жерде халықпен тікелей кездесіп, түсіндіру жұмыстарына белсене атсалысып, сондай-ақ қиратылған инфрақұрылымдарды қалпына келтіруге үлес қосып жатыр. Бұл ретте партияның қоғамдық қабылдаулары осы күндері тұрақты жұмыс істеді. Нұротандықтардың бірнеше мың белсендісі «Халық сакшысы» қоғамдық дружиналар сапында Алматы қаласында қоғамдық тәртіпті орнатуға атсалысып, әскерилерге, полиция және коммуналдық сала қызметкерлеріне көмектесті. Сонымен қатар партия



еріктілері тек Алматы қаласының өзінде 155 млн теңгеден астам сомаға әртүрлі көмек көрсетті.

«Қазір партияның барлық мүмкіндігі мен күш-жігерін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған мақсат-міндеттердің сапалы орындалуына жұмылдыруымыз керек. Партияның қолында қажетті тетіктің бәрі бар. Біз былтыр ел аумағында барлық деңгейде құрылған 1 мың 700-ден аса қоғамдық кеңес жұмысын жолға қойдық. Оның құрамында 12 мыңнан аса адам бар, үштен бірі қоғам белсенділері, үкіметтік емес ұйым мүшелері, кәсіпкерлер, ақпарат құралдарының өкілдері мен блогерлер. Былтыр олар нәтижелі қызмет істеп, көптеген келелі ұсыныс берді, бірқатар көкейкесті проблеманың шешілуіне мұрындық болды. Қажетті тәжірибе мен мүмкіндіктер бар. Сондықтан «Nur Otan»-ның қоғамдық кеңестері Президент бастамаларын қолдап, берілген тапсырмалардың жергілікті жерлерде толыққанды орындалуына көмектесуі керек», — деп атап өтті ол.

Партия Төрағасының Бірінші орынбасары атап өткендей, ақпан айында «Nur Otan» депутаттарының қоғамдық рейтингін қалыптастыруға арналған платформа жария форматта іске қосылады.

«Қоғамдық рейтинг мәслихат депутаттарын халықпен етене араласып, сайлаушылармен тұрақты түрде байланыс орнатуға ынталандыру үшін жасалған болатын. Осы оқиғалар бұл бастаманың қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Халық қалаушылары ең алдымен халықпен қоян-қолтық жұмыс істеуі тиіс. Ашық түрде, елмен етене жұмыс істейтін, қоғамдық жауапкершілікті мойнымен көтере алатын білікті депутаттарымыз бен резервтегі белсенді партияластарымыз халық талабына сай лайықты бағасын алуы тиіс. Былтыр қыркүйек айынан бастап бұл механизм барлық өңірде сынақтан өтті. Ақпан айынан бастап біз қоғамдық рейтинг нәтижесін тұрақты түрде жариялап отыратын боламыз», — деп мәлімдеді Бауыржан Байбек.

Кездесу барысында партия Төрағасының Бірінші орынбасары Тұңғыш Президенттің ел тарихындағы рөліне арнайы тоқталып, әлеуметтік желілерде партия атына айтылып жатқан сындарға да жауап берді.

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Күшіміз — бірлікте!» деп барлығымызды ортақ мақсат жолында топтасуға шақырып отыр. Қазақ «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. «Nur Otan» партиясы елдің бірлігі мен ішкі тұрақты-

лықты сақтаудың маңызын үнемі айтып келеді. Партия ту өткен осы мәселелердің қаншалықты маңызды екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Осындай қиын-қыстау кезде партия жұмысынан мін іздеп, «Парламент таратылсын, партия таратылсын» деген мағынада әңгіме таратып жүргендер бар. Мұны айтушылар — «Nur Otan» партиясы мемлекеттіліктің, елдіктің негізгі қоғамдық-саяси тірегінің бірі екенін мүлдем түсінбейтіндер. «Nur Otan» партиясы құрылғалы бері Қазақстан мемлекеттілігін сақтау үшін, қоғам бірлігін бекем ету үшін жұмыс істеп келеді. «Ұлы істер үндемей бітеді» демекші, бұл — данғойлыққа салуға болмайтын, көзге көрінбейтін істер. Сондықтан біз айтылған қисындарды көтере біліп, ал жүйесіз сөзге мән бермей, бел шешіп жұмыс істегеніміз жөн», — деп атап өтті ол.

Оның айтуынша, қазір Тұңғыш Президентіміз туралы да небір пікір айтушылар көбейген. Тарих безбанын салсақ, кез келген оқиғаның, не тұлғаның өткендегі рөліне бірыңғай оң не болмаса тек қана теріс деп баға беруге болмайды. Мысалы, Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік туралы да қарама-қайшы пікірлер көп. Бірақ ол заманауи түрік мемлекетінің негізін қалаушы тарихи тұлға болып қала бермек.

«Өткенге баға беру әркімнің қолынан келеді, бірақ ақиқат пен жалғанды ажырату әркімнің өз ар-ұятына байланысты. Ең қиын кезеңде, яғни біз мемлекет боламыз ба, болмаймыз ба деген сонау алмағайып 90-жылдары Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болып қалыптасты, етек-женін жиды. Төңірегімен терезесі теңесті. Жалпы әлемдік қауымдастық мойындалды. Елбасы мен сол кездегі аға ұрпақтың 30 жыл бойы мемлекеттіліктің іргесін бекітіп, шекарасын шегендеп, территориясының тұтастығын сақтауға сіңірген ерен еңбегі ұлт тарихында өзінің оң бағасын алары сөзсіз. Ал осы жылдары кетеуі кеткен дүниені тезірек түзеуіміз керек. Ол — сөзсіз. Президент жариялаған реформалардың да мәні осы. Бірақ Мемлекет басшылығынан кеткен Нұрсұлтан Назарбаевтың жата замандау — елдігімізге, азаматтығымызға сын», — деді ол.

Бауыржан Байбек атап өткендей, 30 жылға енді толған Тәуелсіздігімізді баянды ету үшін қазақстандық қоғамда мемлекеттіліктің дәстүрін, оның ішінде билік сабақтастығының дәстүрін қалыптастыруға білуіміз шарт.

«Біз үшін қазір елдігімізді сақтау, барды ұқсату аса маңызды. Сондықтан Елбасы құрған «Nur Otan» партиясы елдің бірлігі мен қоғамның тұрақтылығына бағытталған жұмысын одан әрі жалғастыруы керек. Қазір біз алда болатын кезектен тыс сөзсіз жұмысына дайындықты бастап кеттік. Қаңтардың қасіретті күндерінде Елбасы баршамаңызды Президенттің маңайына топтасып, елдің амандығы мен бірлігін сақтап қалу үшін бірге әрекет етуге үндегенін баршаңыз білесіздер. Кім не десе де, «Nur Otan» партиясы — Президент жариялаған реформаларды толық және сапалы жүзеге асыруға әлеуеті толық жететін бірден-бір қоғамдық-саяси күш. Партиямыз Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді орындау үшін бар күш-жігерін — қоғамдық ұйымдарды, депутаттық фракцияларды, түрлі қызметте жүрген 800 мыңға тарта барлық мүшесін ортақ мақсатқа жұмылдыруға дайын», — деп түйіндеді ол.

Отырыс барысында Алматы қаласы, Маңғыстау, Жамбыл облыстық филиалдары төрағаларының бірінші орынбасарлары, сонымен қатар «Jas Otan» жастар қанатының төрағасы қазір партия тарапынан жергілікті әкімдіктерге инфрақұрылымдарды қалпына келтіру, қоғамдық тәртіпті нығайту, волонтерлер қызметін үйлестіру және басқа да атқарылып жатқан жұмыстар бойынша ақпарат берді.

Ерке ЕРҚОҢЫП

## БАНКРОТ БОЛУ ҚИЫН ЕМЕС

Елімізде берілген несиенің көлемі 17 трлн теңгеге жуықтады. Бір қарағанда мұндай ғаламат қаржыны азаматтарымыз төлей ала ма деген сұрақ туады. Себебі берешегін қайтара алмай, суицид жасаған адам қаншама? Былтыр Алматыдағы Ақбұлақ оқиғасын ұмыттық па? Енді ел Үкіметі «Жеке азаматтардың банкроттығы» туралы заң жобасын жазып шықты. Заң қабылданса, азаматтар өзін банкрот жариялап, несие төлеу міндетінен босатылуы мүмкін. Онда банк ұтылады. Бұл заң қаржы нарығының астан-кестенін шығармай ма?

Нұрлан ҚОСАЙ

### ЖАЛПЫ ҚАРЫЗ — 17 ТРЛН

Сонымен, Ұлттық банктің былтырғы 1 желтоқсан күнгі мәліметінше, еліміздегі жалпы несие сомасы 16 993 905 млн теңге екен. Осы 17 триллион теңгеге жуық ақшаның шамамен жартысы бизнеске, ал жартысынан астамы халыққа тиесілі. Яки, бұл жерде сөз болып отырған 9,6 трлн теңге тек екінші деңгейлі банктерге қатысты. Одан бөлек, микроқаржы ұйымдарына қарызы тағы бар. Осы ретпен алғанда халықтың қарызы — 10 триллион шамасында. Бұл аз ба, көп пе?

«Халықтың екінші деңгейлі банктер мен микроқаржылық ұйымдар алдындағы берешегі өте жоғары. Оның екі түрлі себебі бар деп санаймын. Біріншісі — адамдардың төлем қабілетінің төмендеуінен. Өйткені 2020 жылғы пандемия олардың көптеген жоспарын, мүмкіндіктерін өзгертіп жіберді деуге болады. Көптеген адам тұрақты жұмыстарынан айырылып қалды. Сондықтан да олардың алған несиелерін қайтару мүмкіндіктері қиындай бастады. Мұны форс-мажорлық жағдай деп айтуға болады. Екіншісі — Қазақстанда несиенің қолжетімділігі өте жоғары. Ол тұтынушылық болсын, қолма-қол болсын, кепілдік болсын, несие түрлері өте көп. Әрі оларды алу да салыстырмалы түрде оңай», — дейді экономист Бауыржан Ысқақов.

Шетелде банктердің несие портфелінің 75%-ы бизнеске, 25%-ы жеке тұтынушыға жұмсалса, бізде керісінше. Сондықтан да мұнда қарыз адамдарды сотқа беріп, сот орындаушылардың талкегіне итере салмай, оналту тетіктерін енгізу қажет-ақ.

«Бізге «Жеке тұлғаның банкроттығы туралы» заң, әрине керек. Бұл мәселе екі жылдан бері айтылып жүр. Бірақ тек Қаржы министрінің ғана емес, бірнеше ведомство төңірегінде шешілетін болған-

дықтан, кейінге шегеріліп келеді. «Таяқтың екі ұшы бар...» демекші, өзін банкрот деп жариялаған адам одан кейін брокер болып, бухгалтер болып, тағы да басқа қызметтерді атқара алмайды. Несие ала алмайды. Бірақ, жалпы алғанда ол жеке тұлғаға да, банктерге де тиімді процедура болар еді», — дейді Бауыржан Мұратбекұлы.

### НЕСИЕ РАҚЫМШЫЛЫҒЫ ҚАЖЕТ ПЕ?

Бұл тұста несие рақымшылығы да ойланатын мәселе. Өйткені ол азаматтарға тиімді болуы мүмкін, бірақ мемлекет үшін үлкен шығын. Әрбір адам несие алған кезде өз мүмкіндігін дұрыс бағалай білу керек. Бұл проблеманың туындайтын бір себебі — біздің азаматтардың қаржылық сауаттылығының төмендігінде. «Көтере алмайтын шокпарды беліне байлама» деген секілді, әркім өзінің әлін білгені дұрыс. Біз хабарласқан бірқатар экономистің пікірі осыған саяды.

«Мемлекет мұндай қадамға барады деп ойламаймын. Өйткені банк дегеніміз — мемлекеттің негізі, олар халықтың несиесін кешіретін болса, күйреп тынуы мүмкін. Бұдан мемлекетке қауіп келеді. Әйтсе де, жағдайы өте мүшкіл кейбір адамдарға қатысты ішінара рақымшылық жасаған дұрыс деп санаймын. Оны ақпан айында назарымызға ұсынатын «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заңда қарастыру қажет. Ал жалпы бұл заңды әлдеқашан қабылдау қажет еді. Өйткені бұл қарызға батқан адамдарға көп көмек болмақ. Ең бастысы, банкроттықты қайта-қайта жариялап, бұл бастаманың берекесін кеттірмеу керек. Сондықтан да неше рет жариялауға болатынына шектеу қойылғаны дұрыс», — дейді қоғам белсендісі Рүстем Жансейітов.

Мамандардың айтуынша, халықтың қарызыға белшеден батып отырғанын мойындайтын уақыт жетті. 9 трлн теңге — ол өте көп сома. Сондықтан мұндағы қаты-



Елшір ҚАБА (KOLLEK)

настарды реттеп, несие беру талаптарын қайтадан күшейту қажет. Өйткені несие алғандардың басым бөлігі — кірісі төмен азаматтар. Олардың арасында студенттер мен зейнеткерлер де бар.

### БАНКРОТТЫҚ КЕРЕК ПЕ?

Ұлттық банктің мәліметінше, төлем мерзімі уақытынан асып кеткен несиелердің жалпы мөлшері 676,2 млрд теңге екен. Қаржы сарапшыларының пікірінше, мұндай проблемалық несиесін өтей алмай жүрген азаматтардың бәрі потенциалды банкрот адамдар! Өйткені олардың арасында несиесін жабу үшін несие алған адамдар да аз емес. Мәселен, еліміздегі экономикалық белсенді 18 бен 63 жас аралығындағы халық саны 9 миллион десек, бұл бір адамның жөк дегенде мың теңге несиесі бар деген сөз.

«Менің ойымша, бұл цифрларда тұрған ештеңе жоқ. Әзірге оны соншалықты қорқынышты деп айта алмас едім. Өйткені оларды қайтара алып отыр. Мұндағы қорқыныш адамдардың несие алуға не үшін барғанында. Олардың көпшілігі несиені бүгінгі жағдайын жақсарту үшін емес, жағдайы төмендеп кетпеу үшін алды. Осы уақытқа дейін олар ертеңгі күні бәрі жақсы болып кетеді деп сенді. Бірақ жағдай қиындай түсті, қымбатшылық қысып барады, оның үстіне несие ауыртпалық салып отыр. Енді бұл жағдайдан шығуды осы бастан шындырап ойлану қажет. Әлі де кеш емес. Банкроттыққа жіберу өте ұтымды жол болғанымен, оның да өзіндік салдары бар. Адам одан кейін ұзақ мерзімге несие алу мүмкіндігінен айырылады. Белгілі бір жұмыстарға тұра алмайды. Бәлкім, банкроттықтың қазақстандық моделін

ойлап табу қажет болар? Өйткені мемлекет те, жеке тұлға да зардап шекпеуі тиіс», — дейді экономист Алмас Чукин.

Елімізде банкрот деп тану мәселесі әзірге тек заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты қолданылады. Ал жеке тұлғаға қатысты тек шетелде бар. Бұл тәжірибені Ресей 2015 жылы бастаған екен. Оны ұйымға болсын, жеке адамға болсын қарызы 500 мың (теңгемен 3 миллиондай) рубльден асатын, төлемегеніне 3 айдан асқан кез келген азамат бастай алады. Одан бөлек, ауырып қалған, жұмыстан шығып қалған, мүлкі бүлінгендер де осы процедураға жүгінсе болады. Жүзеге асырудың екі жолы бар — сот ақылы (ақылы) немесе арнайы орталық арқылы (тегін). Мұндай жағдайда банкрот адамның несиесіне пайыздық үстемеақы, өсімпұл және айыппұл жүрмейді. АҚШ-та тәртіп одан қаталдау. XIX ғасырдан келе жатқан бұл процедурада, егер борышкер кредиторды алдап, банкрот болған болса, мүлкі тәркіленгенімен қоса, бас бостандығынан да айырылуы мүмкін екен. Банкрот деп тану процедурасының өзі 3-5 жыл аралығын қамтиды. Ал танылған жағдайда несие тарихы 10 жыл сақталады. Германия бұл тәсілге 1994 жылы көшкен. Тек сот арқылы шешілетін бұл процедура да алты жылға дейін созылады екен және қылмыстық-құқықтық дәрменсіздік ретінде қарастырылады. Сондықтан да бұл мәселеге біздің елде де шетелдегідей үлкен ыждағаттылықпен қараған дұрыс! Өйткені бұл тәсіл бірінші кезекте кредиторларды қорғауға бағытталды.

«Халық қарызға батып отыр дегенде, бірінші кезекте бұл мәселенің түбіріне үнілу қажет. Өйткені оның бірінші себебі — халықтың төлем қабілетінде жатыр. Егер халықтың төлем қабілеті жоғары болса, бұл проблема бұлай сезілмес еді. Мәселен, баласы оқуға баратын кезде амалсыз несиеге оқу формасын алған, ауырып қалып шұғыл емделу қажет болып несие алған, несиесін жабу үшін несие алғандар осы санатқа жатады. Сондықтан да бізге бұл мәселенің шешімін іздеген кезде тек салдарымен емес, себебімен де күресу қажет. Мәселен, микроэкономиканы қолға алып, халықтың айлығын өсіру мәселесін де күн тәртібінен түсірмеу қажет. Еңбекке жоғары болатын болса, несиені төлеу қабілеті де жоғары болмақ», — дейді экономист Расул Рысмамбетов.

Былтырғы жыл соңындағы мәліметтерге сүйенсек, орташа статистикалық отбасы бюджетінің 5%-ы несие төлеуге жұмсалған екен. Соның ішінде тұрғындары несиені көп алған өңірлер Қарағанды, Ақмола және Ақтөбе облыстары болған.

# Өзі көгілдір, болашағы бұлыңғыр

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Бұған не түрткі болуы мүмкін? Сала мамандары елде артық газ жоқ екенін айтады, егер Ресейден тасымалдаса, баға одан сайын қымбаттайды. Өзге газ өндіруші елдерден ерекшелігі сол Қазақстанда мұнаймен араласқанынан өзге газ, яғни таза газ кен орындары жоқ. Салдарынан нарық қажетті ресурстармен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілмеген. Бұрынғы үкіметтер газ саласының әлеуетін арттыруға, қажетті ресурспен қамтуға бас қатырмапты. Бұл — үшінші түйткіл.

«Құрылымы бойынша Қазақстанда өндірілетін газ — негізінен ілеспе мұнай газы. Бұл ретте елімізде өндірілетін бүкіл газдың 75%-дан астамы Қарашығанак, Қашаған және Теніз жобаларына тиесілі. Соның ішінде Қарашығанактағы жалпы өндіру көлемі 4 жыл бойы өзгеріссіз қалды, тек Теніз бен Қашағанға 3 жыл үдерінде біртіндеп ұлғаюда», — деп хабарлады Энергетика министрлігі.

Осыдан сұрақ туады: «Әлемдік супергигант саналатын 3 бірдей алып кен орнын иеленіп отырған Қазақстан неге газға жарымай отыр?».

Министрліктің түсіндіруінше, мұнаймен ілесіп шыққан газдың бәрі бірдей нарыққа жол тартпайды. Оның үлкен бөлігін — 31%-ын жер қойнауын пайдаланушылар жерасты қабаттарындағы қысымды ұстап тұру үшін кері жібереді. Мұндай айла-шарғы мұнайды барынша көп шығару үшін жасалады. Тағы бір бөлігі алауда басқа жағылады. Газдың тағы 14%-ын Қарашығанак Petroleum Operating B.V. (Қарашығанак), North Caspian Operating Company N.V. (NCOC, Қашаған) және Тенішевройл (Теніз) төлтехнологиялық мұқтаж-дықтарына жұмсайды, электр энергиясына және қолға жаратуға пайдаланылды. Сонда елде өндірілетін барлық газдың 54%-ы ғана қайта өңдеуге жіберіледі.

Жалпы, еліміздегі халық пен саны аз шоғыр болатын отандық кәсіпорндарды, ЖЭО мен электр стансаларын газбен бадықтауға осының өзі жетер еді. Бірақ өңдеуге жіберілген шамалы газдың 38%-ы кейін экспортқа жөнелтіледі. Сонда 62%-ы ғана ішкі нарыққа түседі.



## БАЙЛЫҚ ҮСТІНДЕГІ ЕЛ РЕСУРСҚА ЖАРЫМАДЫ

Шикізат та, өңделген өнім де аз, ендеше нарық заңы бойынша сұраныс ұсыныстан асқанда баға көтеріледі. Үкімет осы азғантай газды біржолат арқылы саудаға сала бастады. Баға бірден үш есе шарықтады. Биылдан бастап билік бүкіл газды 100 пайыз электронды алауда сатуға көшірмек болған. «Қасіретті қантар» оқиғаларынан кейін аяқ тартты. Президент Қ.Тоқаев Үкіметке сұйытылған газды электрондық сауда алаңдары мен біржолат арқылы өткізуге толық көшуді 1 жылға шегеруді тапсырды. Оған дейін Министрлер кабинеті нормативтік-құқықтық базаны мұқият әзірлеп, сауда алаңдары жұмысының ашық болуын қамтамасыз етуі, бағанын күрт өсуін шектеу тетіктерін енгізуі қажет.

Әйтпесе, Мемлекет басшысының айтуынша, сұйытылған мұнай газын (СМГ) тарату және саудаға шығарудың тәртібі жете пысықталмаған. Электронды сауда барысында бағаның өсуін шектеу тетіктері қарастырылмаған. Салдарынан «Энергетика министрлігі электронды сауда бойынша жедел әрекет етіп, бағаны ауыздықтай алмады».

Қалай болғанда, шикізат пен өнім тапшылығы мәселесін шешпей, бағаны тұсаулап ұстау қиын. «Энергетикалық қауіпсіздікті

сақтау және газ саласын одан ары тұрақты дамыту үшін ресурстық базаны кеңейту қажет! Шикі газ өндіру көлемін және тауарлық газ өндірісін басым тәртіппен ұлғайту үшін не жасалады? Бұған қазір Қаламқас-Теніз, Прорва кен орындары тобы, Өріқтау секілді игеруге дайын тұрған, барланған кен орындары есебінен қол жеткізу жоспарланып отыр. Бұл істе елеулі прогреске жету үшін қосымша артықшылық-преференцияларды пысықтаған жөн. Бұл стратегиялық инвесторларды тарта отырып, осы кен орындарын тез игеруге ықпал етеді», — деген пікірде Энергетика министрлігі.

Бұған қоса, Ресеймен шекарада орналасқан, Имашев кен орнында барлау жүргізу және жете зерттеу жоспарланды: онда 172 миллиард текше метр көгілдір отын тұнып тұр деген дерек бар. Салыстыру үшін айтсақ, Қазақстанның ішкі нарығында жыл сайын шамамен 20 миллиард текше метр газ тұтынылады 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 25,7 млрд, ал 2030 жылға қарай 30,2-31 млрд текше метрге дейін артады деп болжанған. Демек, Қазақстан Ресеймен бірлесіп, игеруді қарастырып жатқан кен орнынның қоры 5-6 жылға ғана жетуі мүмкін.

Бұдан бөлек, Қашаған кен орнын кеңейту жобаларының Үкімет қарап жатқан ағылдағы тұжырымдамаларында енді «ілеспе

шикі газды коммерцияландыру» басымдық ретінде белгіленген. Яғни, жерастына қайта айдау және алауларда босқа жағу мейлінше азайтылуы тиіс.

## ГӨЗ ДЕГЕНІ

### КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ ПА?

Жарайды, кен орындары шикізатқа қарық етсін делік, бұл мәселені түбегейлі шеше ме? Шешпейді, өйткені үлкен көлемдегі шикі газды өңдейтін зауыт жоқ. Ұсақ кәсіпорндарды айтпағанда, Жаңаөзендегі жалғыз ірі кәсіпорын — Қазак газ өңдеу зауыты онсызда шамасынан тыс жұмыс істеп тұр. Сондықтан Президент Қ.Тоқаев 2021 жылғы маусым айында, Маңғыстау облысындағы «Қазак газ өңдеу зауыты» базасын да сұйытылған газ өндіретін жана зауыт салу жөнінде тапсырма берген.

Энергетика министрлігінің дерегінше, оның негізінде «Қаз-ТрансГаз» АҚ өзге инвесторлармен бірлесіп, жылына 1 миллиард текше метр шикі газды өңдейтін зауыт салу жөнінде инвестициялық шешім қабылдапты. Алайда бұл жобаға қатысты нақтылықтан гөрі, сұрақ көп. Мысалы, 1 млрд көлем қазірдің өзінде жылына 20 млрд тұтынатын елдің жұмырығына жүк болмайтыны байқалады. Екіншіден, қазір жана ГӨЗ жобасының тек техникалық-экономикалық негіздемесі ғана дайындалған.

Оны қаржыландыру мәселесі әлі күнге шешілмеген.

Сол себепті Қашаған кен орнын операторы — NCOC осы алып кен орнын игерудің кейінгі кезеңдерінде үшінші тараптарда, соның ішінде ресейлік ГӨЗ-де өңдеу үшін оларға шикізат жеткізу көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Осы аптаның басында жана Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомстваралық комиссияның (ВАК) отырысында ішкі нарықты сұйытылған газбен үздіксіз қамту мәселесі жеке қаралды. Жыныда айтылғандай, бүгінде СМГ-ні биржа арқылы сату уақытша доғарылған. Оның орнына автогаз жергілікті әкімдіктер қалыптастырған өтінімдер мен сұралған көлем негізінде, «Жеткізу жоспары» бойынша ішкі нарыққа зауыттан тікелей жеткізіліп отыр.

«Қазақстанның ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын қалыптастыру қағидаларына» өзгеріс енгізілген. Оған сәйкес, Энергетика министрлігі мұнай-газ химиясы кәсіпорндарына, тұрғындардың тұрмыстық мұқтаждықтарын өтейтін топтық резервуарлық қондырғыларға, сондай-ақ автогаз құю стансаларына, газ желісі ұйымдарына, газ толтыру бекеттері мен газ толтыру стансаларына да біржадан тыс, тікелей газ бөлуге міндеттелді.

Биылғы 5 қантарда газды бөлшек саудалауға шекті бағалар белгіленді, атап айтқанда, өңірлердің алыстығы ескеріле отырып, 180 күнге сұйытылған мұнай газының (автогаз) 1 литрінің шекті бағасы елдің батысында — 50, оңтүстігінде — 60, солтүстігі мен шығысында 60-70 теңгеге түсірілді. Шалғай аудандарда — 55-75 теңгеге дейін барады. Сондай-ақ газдың шекті көтерме бағасы да 1 тонна үшін 38 701 теңгеден 28 000 теңгеге дейін төмендетілді.

## ЖАЛҒЫЗ ЖАЗАЛУ ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТПАЙДЫ

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин күн сайын газ бағаларына мониторинг жүргізіп жатқанын жеткізді. Уақытша белгіленген шекті бағалардан асырып сату фактілері анықталса, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 162-бабына сәйкес, алдымен бағаны төмендету туралы

нұсқама жіберіледі. Оны орындамаса, әкімшілік жазаға тартылады.

— Бас прокуратурамен бірлесіп, СМГ-ның 6 көтерме сатушысына — «ҚазМұнайГаз» АҚ, Petrosun ЖШС, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай БК» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «ҚазГӨЗ» ЖШС-іне монополиялық жоғары баға белгілегені, үстем жағдайын теріс пайдалану белгілері бойынша тергеу, сондай-ақ газды бөлшек саудада өткізумен айналысатын 180 субъектіге қатысты тергеу тағайындалды. Тергеудің алдын ала нәтижелері көрсеткендей, баға өсуінің негізгі себебі — электронды сауда алаңындағы баға тетігінің жетілмегені болған, — деді антимонополиялық орган басшысы.

Биржа нарығының алпауыт ойыншысы «ЕТС тауар биржасы» сауда алаңының ұйымдастырушысына қатысты хабарламаны орындамау фактісі бойынша тергеу жүргізілді. Бас прокуратура осы агенттік қызметкерлерін жұмылдыра отырып, нарықтың 102 субъектісіне, оның ішінде біржада сауда-саттықты ұйымдастырушыға қатысты тексеру жүргізіп жатыр. Монополияға қарсы орган салада тергеу жүргізуді жалғастырмақ.

Маңғыстауда автокөліктердің 90 пайыздан астамы газға көшіп алғаны мәлім. Дегенмен еліміз бойынша көгілдір отынмен «коректенетін» темір тұлпарлар үлесі көп емес көрінеді. Ұлттық статбор дерлегінше, Қазақстанда жеңіл автомобильдердің 88,1%-ы (3,3 млн) бензинмен жүреді. 74,1 мың дизельді тұтынады. Ал газ-баллонды жабықпен жарақталған автокөліктер үлесі небәрі 0,1% немесе 3,9 мың. Бұған қоса, 296,6 мың немесе 7,8%-ы аралас (бензин, газ, электр) болып келеді.

Салада қордаланған мәселелер жетерлік: ел аумағының жартысына жуығы газдандырылмаған (соза игілігін 9,8 млн адам немесе 53%-ы көріп отыр). Қолданыстағы магистралды газ құбырлары тозуға, құзетке қаражаттың жетіспеуі кесірінен ішінара тонаулауда екен. «Сарыарқа» және басқа газ құбырлары өңірлерге жеткенімен, тұрғындар оған түрлі себеппен қосыла алмады. Салада маман жетіспейді. Инвесторлар қызығушылық танытпайды. Ендеше бағаны «қатырумен» іс бітпес. Саланың жылдар бойы қордаланған проблемалары жан-жақты, кешенді қарауды талап етеді.

Жаппай төртінсіздік кезінде кей адамдар қаңғыған оққа қарамай, құлпы қирап, есігі сынып жатқан дүкендерді тонап, дәретхана қағазына дейін үйіне тасыды. Бүгінде 1 640 саудагердің кәсібі тоқтап, шығынға батып, бассыздықтан өзегі өртеніп отыр. Тонаушылар арасында қазақ қыздары, жүкті әйелдер, бала жетектеген аналар, тіпті жасы үлкен апалар да болған. Олардың мұндай әрекетке баруына не түрткі болды? Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемдік тербететін аналар ұрлықтан қымсынбаса, ендігі ұрпақтан үміт бар ма?

Найма НҮРӘЛІ

Бейбіт шеру Алматыда бүлікке ұласып, сауда үйлері тоналды. Еліміздің 9 өңірінде 2 мыңға жуық сауда нысаны жапа шексе, соның 1 573-і Алматыда орналасқан. Өрімдей жас қыздар бүлікке қатысып, кейбірі арақ тасып, жігіттерді арандатты. Аш суға толып алған азаматтар есін жоғалтып, көз алдындағын ойранын шығарғаны, қорқынышты ұмытқаны, қызық қуып кеткенінің бір себебі — сол. Алматыда Француз сауда үйін тонағандардың арасында жүкті әйелдердің де болғаны анықталды. Сауда үйінің өкілі Марал Байбағысованың айтуынша, француз үйді тұтастай тоналып, 5 миллиард теңгеден астам шығын келген.

«Біздің барлық дүкенімізді тонап кетті. Орталық пен қатарынан 3 бөлімшені, әуежайдағы екі дүкенді де түгел тонады. Бренд маркалы тауарлардың, тіпті әрқайсысының бағасы 250 мың доллардан жоғары тұратын теріден жасалған бұйымдарды да тонап кетті. Шығын көлемі шамамен 5 миллиард теңгеден асады», — деді ол.

Оның айтуынша, тонаушылар француз үйін тонаған сәтте киімдерін жаңасына ауыстырып, ескі-құсқысын сол жерге тастап кеткен Бейнебақылау камераларын сын-

# Ұрлық қылған әйелдер



Күшәм САПАҒАЙ (қолжазба)

дырып, тас-талқанын шығарған. Тіпті, бейнебақылау камераларына түсіп қалған жазбаларға қарағанда, тонаушылар арасында балалы, жүкті әйелдер де болған. Қазір бейнежазбалар құқық қорғау органдарына тапсырылды. Тергеуден соң ұрлықтың мән-жайы, ұрылардың әрекеті әшкереле болады.

## ҚАРАША ХАЛЫҚТЫҢ

### ЫЗАСЫН ТУДЫРЫП КЕЛГЕН

Бұл бүлік кезінде азық-түлік, техника құшақтап шығып бара жатқан әйелдің кейбі көңілге ауыр тиді. Қазақта «Жоктық не жегізбейді, тоқтық не істеппейді» деп бекер айтылмаған. Елдегі жұмыссыздық, еңбегіне сай жалақы төленбеуі, азық-түлік бағасының шарықтауы, тенсіздік мәселелері бұрыннан қараша халықтың ыза-сын тудырып келген. Аналардың осындай қаламға баруының екі себебі болуы мүмкін. Біріншісі, бала-шағасына тамақ табу, екіншісі, дүрбелен кезінде пайда тауып қаламын деген арам ой. Бұл ойы-

мызды «Қазақстан әйелдер күштері» альянсының төраға орынбасары, «Шапағат» қайырымдылық қорының жетекшісі Назгүл Макжан да қуаттап отыр.

«Бірақ не болса да, бұл келіншектерді қоғам болып сөгіп, тіл тигізбеуіміз керек. Бұл — жалпы әлеуметтік жағдайының айқын көрінісі. Болдым, толдым деген халық бүлікке қатысып, өз жерлестерін тонауға жол бермейтін еді. Аргы жағында жылдар бойы бұлыққан ыза, өкініш, жоктық, жемқорлыққа куә болу, тенсіздік және басқа да мәселелер жатыр. Мемлекеттің іргесі босап, отбасы құлдырап, қоғамның иманы әсіреген кейіпте отырмыз», — дейді Н.Макжан.

Аналардың жағдайы — жалпы әлеуметтік саланың барометрі. Дені сау анадан дені сау ұрпақ туады. Сапалы медициналық көмек, лайықты білім алған баладан отаншыл, мықты азамат шығады. Яғни, адами капиталды дамыту аналардың әлеуметтік жағдайын жақсартумен тікелей байланысты.

шектер қауіптің барын ұмытты да кетті», — дейді маман.

## БҮЛІНГЕННЕН БҮЛДІРГІ АЛМА...

Дана ата-бабаларымыз осы бірауыз сөйлеммен-ақ қиындыққа тап болған адамдарды тонаушыдан сақтандырған. Бүлдіргідей қарыштай ғана жіп алсаңыз да, сол бір сөз жадыңызда өмір бойы сақталады. Құқық қорғау орындары ұстап алмаса да, бүлік кезінде ұрлап алған заттың кесірі тиер. Қазір қантардағы төртінсіздікке қатысы бар күдікпен мыннан аса адам қамауда отыр. Бұл туралы бас прокурордың аға көмекшісі Азамат Сарғазин мәлімдеді.

«Соттар осы оқиғалармен байланысты барлығы 8 354 әкімшілік іс қаралды. Соттар мен прокурорлар жеңілдететін мән-жайлармен кінәлі адамдардың өкінуін ескеріп жатыр. 3 337 құқық бұзушыға қамалқа алу немесе айыппұл түрінде жаза қолданылмай, ескерту ғана жасалды. 1 653 іс бойынша сот айыппұл салды. 1 002 адам қамауда отыр, олардың әкімшілік жазасын жеңілдету мақсатында прокурорлар апелляциялық сотқа 1 758 өтініш қаттар енгізді», — деді Азамат Сарғазин.

Мемлекеттің миллиардтарын жымқырды ма, әлде дәретхана қағазын ұрлады ма, қылмыстың аты қылмыс. Мұндай адамдар Қылмыстық кодекстің 191-бабы («Ұрлық») бойынша сотталды. Сондай-ақ ҚК-нің 192 («Қаракшылық») мен 196-бабы («Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлкіті иемдену немесе өткізу») бойынша іс қозғалуы мүмкін. Ұрлаған дүниесіне қарай, айыппұлмен шектелуі мүмкін. Елімізде «Ұрлық» бабы бойынша тағайындалатын жаза 2 000 АЕК (6,1 млн теңге) көлемінде айыппұлдан қарастырады. Сондай-ақ ұрланған тауарларды сатып алғандарға да жаза қарастырылған. Сатып алушы жүкті әйелдер мен балалы келін-

800-12,2 млн теңге) айыппұл төлеуге міндеттелуі мүмкін.

## ҰЛТ ҮШІН ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

Тарихқа үнілсек, батыр қыздарымыз соғысқа аттанып, жаралы жандарды емдеді. Қару алып, әділдік үшін күресті. Көпбалалы аналар шындық үшін шырылдады. Әлемнің тыныштығын күзетудің орнына ерлермен бірлесіп, көшеге шығуының өзі дұрыс па?!

Қаңтар оқиғасында кейбір қыз-келіншектердің әрекеті ұят деген сөзге лайықты. Республика Аналар кеңесінің төрайымы Назипа Ыдырысқызы да осыны алға тартып, ананың ұлттық тәрбиенің қол үзуі ұлт үшін үлкен қасірет деп отыр.

«Бұл бір күнде болған жағдай емес. Бұл туралы талай айтылды. 90-жылдары жағдай өзгеріп, ер-азаматтар жұмыссыз қалғанда аналарымыз ала дорба асынып, базарға шықты. Ол қажеттілік еді. Бірақ сол жағдай әйелге ақша табуы ұйретті. Қолына ақша тиген аналарымыздың бүгінде бала тәрбиесін ысырып қойған жағдайы бар. Бірақ қандай жағдай болмасын, ана өзінің негізгі миссиясын, яғни дүниеге ұрпақ әкелу және оны тәрбиелеу екенін ешқашан ұмытпауы керек. Тарихта аналарымыз бұдан да қиын жағдайға тап болған. Ұлы Отан соғысында аналарымыздың нені өткергенін бәріміз білеміз. Бірақ ұрлыққа барды деген сөзді естіген емеспіз. Бұл — кешірімейтін нәрсе. Заңға сәйкес шешілуі керек», — деді Н.Ыдырысқызы.

Мұхтар Әуезовтің «Ар жазасы» — бар жазадан ауыр жаза» деген сөзі еске түсіп отыр. Мәдениетті анадан ғана мәдениетті ұрпақ өседі. Ал ұрпақ мәдениетті болса ғана, қоғам саналы болады. Саналы қоғамның — болашағы жарқын.

## Жоғалған азаматтар қайда?



Қызыл САЛМАР (colage)

Елдегі жаппай бүлік кезінде жоғалғандардың саны нақтыланбады. Көп азамат әлі күнге дейін із-түзсіз кеткен туыс-жақынын таба алмай әлек. Жазықсыз істі болғандарды ақтап, хабарсыз кеткендерді табу үшін көмек сұрап жүргендердің қарасы қалың. Яғни, жұрт «Қаңтар трагедиясының» зардабын әлі тартып келеді. Құқық қорғау органдары тайлы-туяғымен бүлікке қатысы барлардың соңына шам алып түскен шақта хабарсыз кеткендерді іздеу қиынға соғып отыр. Дегенмен әр өңірде іздеу салып жүрген еріктілер еңбегі көңілге демеу. Сонымен, бүлік кезінде қанша адам жоғалды, қайда жүруі мүмкін?

### ТАБЫЛМАЙ ЖАТҚАНДАР ӨТЕ КӨП

Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз жақының іздеп, шыр-пыр болып жүрген жандарды жиі кездестіресіз. Қиыны сол, қазір бүлік кезінде нақты қанша адамның жоғалғаны жайлы ресми дерек жоқ. Осы шақта жоғалғандардың санын нақтылау үшін әр жерде еріктілер база жасақтап жатыр. Әзірге соның ауқымдысы — Qantar-2020 платформасы. Жараланып, ауруханаға түскен, тергеуге әкелілген, мерт болған және із-түзсіз жоғалғандар тізімге енген. Еріктілер жасаған платформадағы тізім күн сайын толығып жатыр. 18 қаңтардағы дерек бойынша, тізімде 556 адамның аты-жөні көрсетілген. 76 адамның жанына «із-түзсіз жоғалған» деп жазылты. Бұл қатар әлі толығы мүмкін. Сондай-ақ BTS Digital компаниясы да жоғалған азаматтар туралы ақпарат жинауға кіріскен екен. Олар деректерді Aitu қосымшасы арқылы алады. Қосымшаға түскен өтініштер автоматты түрде 1414 call-орталығы қызметкерлеріне кетеді.

Мәселен тереңдеті отырып, ең әуелі бір нәрсені аңғардық. Жоғалғандардың көбі тергеуде жатқан болуы мүмкін. Себебі полиция жоғалғандар жайлы өтінішке ғана жауап қатпаса, тергеліп жатқандар жайлы

деректерді түгелдей ашып айтпай отыр. Мәселен, елде қанша адам ұсталғаны туралы нақты ақпарат жоқ. Соңғы мәліметтер бойынша, он мыңнан астам наразылық білдіруші ұсталған. Бір ғана Алматы қаласында 2 748 адам қолға түскен. Ауыр және аса ауыр баптар бойынша 695 қылмыстық іс қозғалып, тағы 85 адам құдікті ретінде тергеуде жатыр. Бас прокурордың аға көмекшісі Азамат Сарғазиннің айтуынша, оның ішінде терроризм актілері бойынша 44 іс, кісі өлтіру бойынша 15 іс, үгіт-насихат фактілері және билікті басып алуға шақыру бойынша 6 іс бар. Демек, «жоғалғандардың көбі тергеуде болуы мүмкін» деп топшылауға толық негіз бар.

### ЖАҚЫН-ЖУЫҚ АЛАНДАП ЖҮР

Семей қаласының тұрғыны Әлия Исенованы жақындары 5 қаңтардан бері әлі таба алмай жүр. «Митингке қатысамын» деп кеткен әйелден сол күйі хабар-ошар жоқ. Құқық қорғау органдарына, полицияға сұрау салса да, ақпар болмаған. Жақындары амандығын тілеп, шарасыз отыр.

— Бір қызығы, Әлия 11 қаңтар күні Instagram-дағы парақшасына «15 сағат бойы аланда тұрмыз» деп видео жүктеген. Әуелде таңырқалдық, себебі телефоны оның алдында өшіп жатқан. Оның үстіне 11 қаңтарда қайдағы митинг, ол кезде бәрі басылған. Бәрін кейін түсіндік, ол видеоны 5 қаңтарда жүктегісі келген, сол кезде интернет болмағанын біреміз білеміз, сосын бейнежазба парақшаға жүктелмеген. Тек 11 қаңтарда интернет ашылғанда, автоматты түрде шыққан екен, — дейді туысы Гүлмира.

Әйелдің жақындары әлі күнге дейін үмігүзгілері келмейді. Тіпті, Әлия Исенованы іздеп мәйітхана мен емханаларды да шолып шыққан. Біреулер оны полиция ұстап әкеткенін, енді бірі аланда жараланғанын айтыпты. Бірақ қай дерекке сенерін білмейді.

— 18 қаңтарда өңірдегі бір емхананың травматология бөлімінде жатыр деп белгісіз біреу хабарласты. Алайда хабарласқан

адам құқық қорғау органдарынан болуы керек, нақты қай жерде, қандай халде екенін айтпады. Соған қарағанда тергеліп жатқан сынайды. Сондықтан ақпаратты растай алмай отырмыз, — деді жақыны.

Туыстарының қорқуына негіз бар, шамасы, ол емханада жатқан күннің өзінде жағдайы жақсы болмауы мүмкін. Тағы бір жайт — біз еріктілер құрған Qantar-2020 платформасын шолып отырып, Әлия Исенованың есімін таптық. Бірақ онда ол «із-түзсіз жоғалды» деп емес, «6 қаңтар күні жараланып, кейін тергеуге әкелілген» деп жазылған. Осы тәрізді түсініксіз халде отырып, жақындарын таба алмай жүргендер жетерлік. Көбінің тілегі — қосақ арасында көз жұмып кетпесе дейді.

### ЕРІКТІЛЕР НЕ АЙТАДЫ?

Бір ғана Алматының өзінде жоғалғандарға қатысты мәселе өлген ушыққан. Жақынына сұрау салғандар көбейген соң, еріктілер де іздеуге кірісіпті. Соның бірі — Lider.kz еріктілер қозғалысы. Қозғалыстың үйлестірушісі Дельмира Блац Алматы қаласы мен Алматы облысында тәртіпсіздік кезінде жоғалғандар туралы өтініштер 7-8 қаңтарда түсе бастағанын айтады. Өтініштердің көбі әлеуметтік желі арқылы келеді екен. Қазір 15-ке жуық ерікті із-түзсіз жоғалғандарды іздеп жүр. Төтенше жағдайға байланысты еріктілер ол адамдарды соңғы рет көрген жерлерге бара алмайды, тек мәйітханаларға, ауруханаларға және тергеу изоляторларына қонырау шалуға мәжбүр.

— Біразы ауруханалар мен ұсталғандар арасынан табылады. Өлгендер де бар. Өтініштер саны өсті, әдеттегі күндермен салыстырғанда төрт есе көбейді. Бұрын күніне 4-5 өтінім келіп түссе, қазір 25-27 өтінім келеді. Еріктілер ауруханаларға барады, егер нақты ақпарат бермесе, сол жерде тексереміз, — дейді Дильмира Блац.

Жоғалған адамдардың көбі бастапқыда бейбіт митингілерге шығып, бүліктің арасына түсіп кеткен екен. Соның әсерінен бе, табылған адамдардың басым бөлігі тергеу изоляторынан табылған. Тергеушілер біреуін босатып жіберсе, енді бірін «кінәлі» деп жібермейтін көрінеді. Сондықтан жоғалғандарды бірінші кезекте полициядан сұраған жөн секілді. Алматы қаласының Полиция департаменті 4 қаңтардан бастап 20-дан астам адам ресми түрде хабар-ошарсыз кеткен деп мәлімдеген. Соның ішінде 15 адам табылған.

Қорыта айтқанда, із-түзсіз кеткендерге қатысты мәселе алдағы 1 айдың көлемінде шешіле қоймайтын тәрізді. Біздің бағамдауымызша, жоғалғанның көбі тергеуде жатыр. Бүлік кезінде қаза тапқан 225 адамның аты-жөні толық қарны болған жоқ. Санаулысы — соның ішінде болуы да мүмкін. Қайткен күнде де құқық қорғау органдары жоғалған азаматтарға қатысты жауап қатқаны жөн секілді.

M.ТӨЛЕУ

## Қасірет қайталанбасын десек...

Әу баста бейбіт шерумен басталған «Қаңтар оқиғасының» соңы қалай аяқталғаны көпшілікке мәлім. Назары топ қойған нақты экономикалық талаптар бір сәтте саяси сипат алды. Бейбіт митингтің соңы жаппай тәртіпсіздікке ұласты. «Қаңтар трагедиясының» қайталанбауы үшін билік халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, табысын түзеудің кешенді шараларын қолға алуы керек. Сарапшылардың пікірінше, экономика мен жалпы қоғамға ауыр зардабын тигізген оқиғаның ащы сабағы жаңа саяси-экономикалық реформалар жол ашуға шақырады.



Анна АЛЬШАНСКАЯ, Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері:

### ӘУЕЛІ — ЭКОНОМИКА

— Қазіргі сәтте Қазақстан экономикалық жағдайды тұрақтандыру үшін мықты бюджетті қалыптастыру керек. Бізде бюджетке кіріс әкелетін салалардың көші тау-кен өндірісі мен мұнай өнеркәсібі бастайды. Әлемдік тәжірибеге сай пайдалы қазбалары өндіретіндерге салынатын салықтың қосымша көлемін есептеу жүйесі пайда болады. Мұнай өнімдерін өндірушілер мен тасымалдаушылардың да табыстары қазына қаржысын толықтыруға жұмсалды.

Оған қоса, Қазақстанда өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамуы мен аймақтардың өндірістік қабілетінде теңсіздік бар. Оны теңестіру үшін бюджетаралық қатынастарды реттеу және өңірлердің қаржылық тәуелсіздігіне қол жеткізу керек. 2021 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығы жергілікті бюджетті толықтырады. 2023 жылдан бастап жергілікті жерлердегі салық түсімін арттыру жоспарланған.



Айсүлу ТҮРСЫНБАЙҚЫЗЫ, Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Экономика институтының ғылыми қызметкері, әлеуметтанушы:

### ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТСА...

— Сөз жоқ, соңғы оқиғаларда саяси, діни мотивтер болды. Бірақ ең бастысы — олардың астарында қоғамның әлеуметтік реализмі жатқаны анық. Сондықтан елімізге жаңа әлеуметтік-экономикалық реформалар қажет.

Ең әуелі ішкі көші-қонды реттейтін кешенді жобалар түзілгені жөн. Сол арқылы ауыл-аймақ, аудандардың әлеуметтік-экономикалық, транспорттық инфрақұрылымын дамытудың жол картасы жасалуы керек деп ойлаймын. Мұнда өткен жылғы жалпыұлттық халық санағының нәтижелерін ескеру дұрыс болады. Кейін жол картасын іске асыру арқылы ауыл тұрғындары инфрақұрылымдық минимуммен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ әрбір ауданның азық-түлікті қауіпсіздігін сақтау шараларына көңіл бөлетін кез келді. Арнаулы мемлекеттік бағдарлама аясында тауарлық қажеттіліктерін өтейтін шағын кәсіпорындарды көптеп ашуға болады. Өңірлердің экономикалық, әлеуметтік ресурстың қалық әлеуеті ескерілуі керек.

Мұнан бөлек көпбалалы отбасыларды әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету, білім беру, маман даярлау істерінің нәтижелілігіне көңіл бөлінуі тиіс. Бір сөзбен айтқанда, елімізде осы сөттен әлеуметтік-экономикалық саладағы түбегейлі өзгеріске нақты қадам жасайтын шақ туды.



Жұмабек САРАБЕК, Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы:

### СЕНІМДІ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

— Президент соңғы жағдайларды ескеріп, Үкіметке мейлінше қарапайым қазақстандықтардың әлеуметтік мәселесін шешудің тетігін қарастыруды тапсырды. Өйткені соңғы оқиғалар халық арасында шешімнің күткен әлеуметтік мәселелердің көптігін көрсетіп берді. Сонымен, жоғары талаптың үлесінен шығуда Үкімет экономиканы әртарапандыру, инфляцияны тізгіндеу сияқты маңызды міндеттерді өз жауапкершілігіне алды.

Мұнан бөлек, саяси реформаларды жалғастыру маңызды. Әсіресе, азаматтардың саяси белсенділігі назардан тыс қалмағаны жөн. Сонда ғана билік пен бұқара арасында сенімді диалог орнайды. Ал диалог пен нақты әрекет бар жерде азаматтар өз мәселесін алаңға немесе митингке шығу арқылы шешуді мүдделі болмайды. Бұл іске саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерді де белсенді тартуымыз керек.

Жалпы, елдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси дамуына негіз болатын реформаларды көптеген пакеті қажет. Президент өз сөзінде мұндай пакеттерді осы жылдың қыркүйек айындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ұсынатынын айтты.

Дайындаған Шынболат КҮЗЕКБАЕВ

## Халыққа «қолжетімсіз» қор

(Басы 1-бетте)

### Жадыра МҮСІЛІМ

#### ЖҮЙКЕСІ ЖҰҚАРҒАН ЖАРНА ТӨЛЕУШІЛЕР

Бірақ ай сайын айлығынан жырып, міндетті медициналық сақтандыру қорына жарна төлейтіндердің айтары біреу. Сағаттап тұратын емхана кезегі медициналық қызметті алуға кедергі келтіреді. Мамандардың қабылдауына жазылу қиямет қайымға айналған. Кезектің келмесін білгендер ауру асқынбай тұрғанда ақылы емханаға жүгінеді. Ал қалтасы жұқалар медсақтандыруға құйған аударманың шарапатын көреміз деп жүріп, ауруына ауру жамайды. Сол үшін де тұрғындар ай сайынғы аударманы сақтандыру қорына құядан бас тартып жатыр.

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Сара Бақтиярқызы «МӘМС арқылы медициналық сараптамаға жолдама алып көрмедім» дейді. Өйткені тегін жолдама алғандардың кезегі жылжып болмайтын көрінеді. «Бір жыл бұрын басым қақсай берген соң невропатологқа қаралдым келді. Алдымен терапевтке жазылу керек. Ол үшін «Дамумед» қосымшасы арқылы жазыласың. Қосымша аптаның әр жұмасында танертенгі 11-ден кешке дейін ашық болуы керек. Бірақ 11-ден кешкі 6-ға дейін отырып, бір жазыла алмай-ақ қойдым. Сөйтіп жүріп бір ай уақытым өтіп кетті. Емхана қызметкерлері «сағат 11-де ашық болды» дейді, ол уақытта ашсан, не жүйе істемей тұрады, не болмаса, бос уақыт болмай шығады. Басқармаға шағымданып жүріп, терапевтке жазылғанмын. Ол жолдама арқылы невропатологқа жіберді. Бейінді мамандарға жазылу терапевтін қабылдауына кіргеннен де қиын болды. Оның емін алу үшін алдымен сараптама жасату керек екенін айтты. Сөйтіп ком-



Елшір ҚАБА (colage)

пьютерлік томографияға түсу керек делді. Диагностикалық зерттеу жасату жолдама арқылы мүмкін болмады. Өйткені зерттеу жасату үшін міндетті түрде медициналық сақтандыру қорына соңғы 12 айда салған ақшан есептеледі екен. Ал алдыңғы жылы салған аудармаң күйіп кететін болып шықты», — дейді ол. Одан бөлек, көзі ауыратын анасына да ешқашан медициналық қызметті тегін алып көрмегенін айтқан ол «Офтальмологтардың қабылдауынан бастап диагностикалық тексерулер мен операцияларын мемлекеттік мекемелердің өзінен осы уақытқа дейін ақылы түрде келемін» деп отыр.

### МІНДЕТТІ ТӨЛЕМ ӨСТІ

Биыл қаңтардағы жағдай бойынша, 1371 қор жеткізушісі бар. Оның ішінде 52% жекеменшік (713 медициналық ұйым) және 48% мемлекеттік меншік нысан (658). Сондай-ақ биыл медициналық көмекті қаржыландыруға 2 триллион теңгеден астам қаржы жұмсалмақ. Оның 1,2 триллион

теңгесі кепілдендірілген тегін медициналық көмекке, 838 миллиарды сақтандыру пакетіне жұмсалды. Бұдан бөлек, биылдан бастап медициналық сақтандыру қорына аударылатын ай сайынғы міндетті төлем тағы өсті.

«МӘМС-ке жарналарды төлеу тәсілдеріне қатысты айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Жарналар мен аударымдар мөлшерлемелері бұрынғысынша қалды, себебі өсім базалық көрсеткіштер — АЕК немесе олар байланыстырылған ЕТЖ өзгеруіне байланысты болды. Биыл тек жарна төлеушілердің кейбір санаттары үшін ғана жарна мөлшері өзгерді. Біріншісі - БЖТ төлеушілер: республикалық және облыстық маньзы бар қалалардың тұрғындары үшін — 1 АЕК немесе 3 063 теңге, қалған тұрғындар үшін — 0,5 АЕК немесе 1531,5 теңге. Екіншісі — дербес төлеушілер: 1 ЕТЖ — нін 5%, яғни 3 000 теңге, өйткені ЕТЖ 2022 жылы 60 000 теңгеге дейін өсті. Үшіншісі — жеке кәсіпкерлерге 2022 жылы ЕТЖ-нің 1,4 еселенген мөлшерінің

5%-ы — 4200 теңге болды. Сондай-ақ биылдан бастап жұмыс берушілер аударымдарының мөлшерлемесі жұмыскердің жалақысының 3% құрайды, бұл ретте аударымның ең жоғары ықтимал мөлшері 18 000 теңге. Ал жалдамалы жұмыскерлердің жарналары өзгеріссіз қалды. Ай сайын екі пайыз, бұл 12 мың теңгеден аспайды», — дейді МӘМС қорының баспасөз қызметі.

Қор мамандарының сөзіне сенсек, МӘМС есебінен денсаулық сақтауды қаржыландырудың айтарлықтай өсуі медициналық көмектің қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді. Мәселен, «Аңсаған сәби» бағдарламасын жүзеге асыру жағсады, 7 мың ӘҚҰ қаржыландыруға 6,68 млрд теңге қарастырылған. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оналтумен қамтуды ұлғайту жоспарда бар. Сондай-ақ осы жылы консультациялық-диагностикалық қызметтерді қаржыландыру ұлғайтылып, бұл мақсаттарға 231 млрд теңгеден астам, оның ішінде МӘМС бойынша — 187,7 млрд теңгеден астам қаражат көзделген. Стационарлық көмекті қаржыландыру — 373 млрд теңгеге, медициналық оналту — 66,7 млрд теңгеден астамға, жоғары технологиялық медициналық көмек 63,8 млрд теңгеге ұлғаймақ.

### КҮМӘНІ КӨП «ДАМУМЕД»

Бірақ бытыр қорға бөлінген қаражат пен жарна мөлшерінің өсуі тегін қызмет көлемін арттыруға қатысы болмаған. Өйткені бұған дейін бөлінген қаржы медициналық қызметтің ақысын төлеуге, қала берді дәрігерлердің жалақысына жұмсалған. Сондықтан тұрғындар «жыл сайын міндетті төлемді өсіру тегін қызметті қолжетімді етпей отыр» деп шағымданады. Сол үшін де тұрғындар міндетті төлемнің өсуіне қарсылық білдіріп жатыр. Себебі «құйған жарнаға сай сапалы медициналық қызмет алмаймыз» дейді. Керісін-

ше, сапасыз медициналық қызметтің пайдалынан гөрі, келергісін көп көріп жатқанын айтып ашынады. Алматылық Базаргүл Алдабергенова тұрғылық жері бойынша жазылған емханада өзінің учаскелік терапевтісін күн сайын 4 сағат қана қабылдайтынын айтады. «Терапевтке жазылу үшін аптаның басында немесе аяғында бір рет жазыласың. Кейде жазылып үлгермей де қаласың. Кейде аяқ астынан балам немесе өзім ауырып келсем, дәрігер орнында жоқ. Өйткені оның қабылдау уақыты бітіп кетеді. Басқа учаскенің дәрігері қабылдамайды. Жазылып келген күннің өзінде ешқашан өз уақытында кірген емеспін», — дейді ол. Бұл «Дамумед» жүйесі арқылы адамдарды сыртынан дәрігер қабылдауына жазып, қор қаржысын медорталықтардың ашықтан-ашық тонап жатыр» дейтін әңгіменің себепсіз айтылмағанын аңғартады.

Дәрігерлердің өздері емханаларда кезектің барын жасырмайды. Емхана басшыларының айтуынша, білікті кадр тапшылығы да тегін қызметті алуға кедергісін келтіріп жатады. Мәселен, Қарағанды қалалық №4 емханасының бас дәрігері Серік Құлмағамбетов науқастардың кезегін жою үшін дәрігерлердің білімдерін жетілдіріп, жан-жақтан білікті мамандарды тартуды қолға алып жатқандарын түсіндіреді. Ал зерттеулерді өздерінде өткізу үшін қала мен облыс бойынша субподряд мекемелермен келісімшартқа отыруды қолға алған.


### ЖҮЙЕНІҢ ӨЗІ ЖҮЙЕЛЕНУ КЕРЕК ПЕ?

Астана медицина университетінде он жылдан аса кафедра меңгерушісі болып қызмет істеп, денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру бойынша ғылым кандидатын алған Раушан Секенова МӘМС-тің жеті рет өлшеніп, бір рет кесілген жүйе екенін айтады. Мәселе жүйенің өзінде емес, оның

жұмыс істеуін жұртқа жеткілікті жеткізілуімен туындап отыр деген пікірде. «Бағдарлама қабылданбас бұрын көптеген халықаралық жәжірибеге ескерілді. Бұл — жақсы жүйе. Бірақ жүйенің жұмыс істеуіне қатысты тұрғындар тарапынан арыз-шағымның көп болуына екі түрлі себеп бар. Біріншіден, қордың міндеті туралы халыққа ақпарат жеткізілгенімен, толық ақпарат берілмейді. Екіншіден, қазір көптеген адам жұмыссыз. Соңғы жылдары кәсіпорындар жабылды. Жұмыссыздар саны артып келеді. Медициналық сақтандыру қорына ай сайын жарна аудармайтын оларға МӘМС жүйесіне кіргізілген медициналық қызмет ұсынылмайды. Сол үшін де тұрғындар тарапынан түсініспеушілік туындайды», — дейді Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент кафедрасының доценті Раушан Қозғанбайқызы.

Сөз жоқ, жүйенің алғышарты дұрыс. Айтпағымыз, дұрыс жүйенің өзін дұрыс бермей отырғанда болып отырған жоқ па? Елінің амандығын ойлаған әрбір мемлекет ең алдымен ұлт саулығына баса назар аударады. Мемлекетіміздің ұрпақ саулығына қатысты саясаты көңіл құптарлық. Ол бойынша мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін алуына толық мүмкіндік берді. Оны қаржыландыруға алдағы үш жыл ішінде 2,8 триллионнан астам теңге, үшжылдық бюджет аясында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосымша 2,3 триллионнан астам теңге бөлінді. Бұл медициналық қызмет көрсетуін сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға бағытталуы керек. Алайда медсақтандыру жүйесінің бітпейтін жыры жүйеге сыр бере бастады. Медицина мамандарының салғырттығы мен келіп болмайтын кезектің өзі жұмыстың дұрыс жүйеленбегенін көрсетеді. Сол себепті де медицинаның тегін қызметі терапевтің қабылдауынан кейін-ақ тоқтап қалады.

## Мәдени ескерткіш емес...



**Қарағанды қаласында ескі үйлердің балконы қызу талқыға түсіп отыр. Бірі «өткеннен хабар беретін тарихи туынды» десе, екіншісі «жаңарту керек» екенін айтады.**

Қаладағы Назарбаев даңғылындағы №7а-үйдің балконы жаңартқандар туралы әлеуметтік желіде жерлестерінің әрекетіне ашуланған қарағандылықтардың бейнеүндеуі пайда болды. Өйткені осы үйдің тұрғындар өз пәтерлерінде жөндеу жұмыстарын бастады. Оған қоса, 1958 жылғы ғимараттың сыртқы түрін өзгертуге шешім қабылдаған екен. Күәгерлердің айтуынша, бірнеше балкон толығымен қирап, олардың орнына жаңа, модернизацияланған қоршаулар пайда болды.

«Назарбаев даңғылы 7а-мекенжайы бойынша Қарағанды қаласының сәулет мұрасы болған үйде 13 қантарда 3-үйдің сыртқы қасбетіндегі 2 балкон қирады. Бұл үйлерде дәл осындай балкондар бар, олар – екінші, үшінші және төртінші қабаттарда әрқайсысының өзіндік тамаша дизайны бар және осы үйлердің сәулеттік ерекшелігінің бірі. Осы жұмыстардың бәрі қандай негізде жүргізіліп отыр? Оларға рұқсатты кім берді? Тыйым салу керек емес пе? Біз осы балкондарды, үйдің тарихи келбетін толық қалпына келтіруді талап етеміз. Біз бұл мәселені мамандармен талқыладық. Сондай-ақ кінәлілерді әкімшілік жауапкершілікке тартуды талап етеміз!», – дейді жергілікті тұрғын.

Қала әкімдігі бұл ғимарат тұрғындардың жекеменшігі екенін айтып, жағдайға қатысты пікір білдірді. Сондықтан құрылыс салушылармен қажетті іс жүргізу үшін

тұрғын үй тұрғындары Қарағанды қаласы әкімі аппараты жанындағы сәулет бөліміне немесе қалалық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау бөліміне ұжымдық арыз жолдауы қажет.

Бұл жағдайға қалалық орталықтық мамандары түсініктеме беріп, шешімге наразылықтарын білдіріп, тұрғындарға қаланың мәдени мұрасын сақтаудың маңызын еске салды.

«Сәулет мұрасын сақтау – кез келген қаланың қала құрылысы философиясының басты қағидаларының бірі. Кей елдерде тарихи нысандарды қайта құру мәселесі өте мұқият қаралады. Өкінішке қарай, бізде бұл қағида әрқашан орындала бермейді, кейде тарихи орын тұрғындарының өздері қателеседі. Бұл жағдай Назарбаев даңғылы 7а мекенжайында орналасқан тарихи мұрасы бар үйдің балконына қатысты. Онда пәтер иелері балқонды және балқоннан тұратын оның шынайы безендірілуін бұзды. Бұл пәтердің тұрғындары қайта құруды қала әкімшілігімен келіспесе керек, өйткені балкон қоршауын мұндай аяусыз өзгерту тарихи ғимаратты бір стильден шығарып жібереді», – деп жазды наразылар әлеуметтік желіде.

Бүгінде пікір екіге жарылған. Instagram-дағы жазбаға жазылған пікірлерде біреулер «өз меншігіміз, сондықтан бәрін жасауға болады» деп айтса, енді біреулер жергілікті урбанистердің мұндай нысандарды бұрынғы калпында сақтау маңызды деген пікірімен келіседі.

«Егер бұл қаланың сәулеттік мұрасы болса, онда қала неге осы мұраны сақтамайды?».

«Бұл үй кез келген жана үйден 100 есе жақсы, керемет көрінеді.

Тек қасбетін қалпына келтіру керек», – дейді тағы бір қарағандылық. Тұрғын өз үндеуінде бұл үйдің тарихи мұралар тізіміне енгізілгенін айтты. Алайда бұл деректі «Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жоққа шығарды. Олардың айтуынша, үй мәдени мұра нысандарына жатпайды. Бірақ бұл үйдің балқондарды бұзуға да рұқсат берілмеген. «Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 7а үй мекенжайы бойынша 3-қабаттағы екі балқонды бұзуға байланысты Қарағанды қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу (сәулет-жоспарлау тапсырмасы, жобаны келісу) рұқсат бермеген.

Яғни, 2006 жылғы 20 желтоқсандағы Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің бекітілген мемлекеттік тізбесіне сәйкес, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 7а үй тұрғын үйі Қарағанды қаласының аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілеріне жатпайды. 2020 жылғы 17 қарашадағы №73/01 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан заңының 16-бабы 1-тармақшасына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамаға және мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады», – деп хабарлады әкімдік.

Сондай-ақ қалалық Сәулет басқармасы бұл оқиғаның барлық мән-жайын анықтайтын хабарлады. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан заңының 17-бабы 1-тармағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамада белгіленген талаптарды бұзу Қазақстан заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғатыны белгіленген. Сол заңның 31-1-бабына сәйкес, жауапкершілікке тарту шараларын қабылдау сәулет-құрылыс бақылау органдарының құзыретіне жатады. Осыған орай «Назарбаев даңғылы, 7а үйдің 3-қабаттағы екі балқонды бұзу фактісі бойынша Қарағанды облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына тиісті шаралар қабылдау үшін хат жолданды», – дейді қалалық сәулет басқармасының мамандары.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

## Гранатомет ұстаған бүлікші



**«Қайғылы қаңтар» оқиғасы талай адамның қабырғасын қайыстырды. Жарды жесір, баланы жетім қалдырды. Өзге өңірлер сияқты Жамбылда да қара жамылған отбасы аз болмады. Ресми ақпарат бойынша, 15 адам көз жұмса, оның екеуі – құқық қорғау органының қызметкері.**

Жалпы, 4-6 қаңтар күндері жаппай тәртіпсіздікке қатысты деген 2 608 адам қамауға алынған. Оның 509-на әкімшілік іс қозғалса, 51-іне қылмыстық іс ашылған. Ұсталғандардан тәркіленген және заңсыз айналымнан алынған қару-жарақтың саны 161 бірлікке жетті. Оның 48-і Калашников автоматы болса, 13 снайперлі винтовка, 6 «Сайга» карабин, 23 тапанша, 3 арнайы пулеметтік тапанша, 1 гранатомет РПГ, 1 шағын калибрлі винтовка, 33 тегіс ұңғылы мылтық және тағы басқа да қару түрлері тәркіленген.

Осы тұста айта кетерлігі, қолды болған қаруды ерікті түрде өткізіп жатқан ел де аз емес. Бүліктен кейін облыстық Полиция департаменті ұрланған қару-жарақтар туралы тұрғындар ақпарат білсе, «102» нөміріне хабарласуға шақырған болатын. Сондай-ақ оқ-дәріні ерікті түрде полиция бөліміне тапсырса, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмайтыны айтылған. Міне, осы үндеу өңірде өз жемісін беріп, халық жаппай қаруларын өткізе бастады.

Хабарлама жарияланған алғашқы күннің өзінде полиция бөлімдеріне Тараз қаласы мен барлық аудандардан қонырау түсіп, бас-аяғы 40 бірлік қару-жарақ тапсырылған. Мәселен, 13 қаңтар күні жергілікті тұрғын тәртіп сақшыларына хабарласып, қару-жарақ тауып алғаны туралы айтқан. Оқиға орнына барған полицияшылар 3 Калашников автоматы мен 1 дана гранатомет анықтаған. Аталған қаруды қазір сараптамадан өтіп жатыр.

Бұдан бөлек, 14 қаңтар күні Ұлттық ұлан сарбаздарының рейдтік тексеруі кезінде «Қарасу» шағынауданындағы құрылысы тоқтап тұрған нысанның ішінен 3 автомат, 3 магазин және әскери қалқан мен бас киім табылған. Дәл осы шағынауданнан №5513 әскери бөлімнің сарбаздары оқ өткізбейтін желет пен жауу әскердің қорғанысына қажетті бұйымдар анықтаған.

Жалпы, Жамбылдағы қақтығыс кезінде 273 адам түрлі дене жарақатын алса, оның 22-і ауруханада жатыр. Ал күні кеше Тараздағы тәртіпсіздік кезінде Ресей азаматы қаза тапқаны белгілі болды. Бұл туралы Ресей Федерациясының Қазақстандағы елшілігі Facebook-тегі парақшасында хабарлады.

Ресей мемлекетінің Алматыдағы Бас консулдығына Таразда 6 қаңтарда болған тәртіпсіздіктер кезінде үш баланың анасы, 1995 жылы туған М.Кимнің қарақшылардың қолынан қаза тапқаны туралы ақпарат түскен. Қылмыс әйел жұмыстан шыққан сәтте жасалған.

«Ресейдің Алматыдағы Бас консулдығы марқұмының анасы, оның туыстары және жақындарымен байланысқа шықты. Облыс басшылығына жағдайды бақылауға алу және марқұмның отбасына көмек көрсету туралы үндеу жіберілді. Консулдық марқұмның отбасына материалдық көмек көрсету мәселесімен айналысқы жатыр», – делінген хабарламада.

Ресей елшілігі Қазақстанның құқық қорғау органдарына қылмысты жан-жақты тергеу қажеттігі туралы сауалдарын да жолдаған.

«Қылмыскерлердің жеке басы анықталып, олар заң алдында жауапқа тартылып, заң аясында жазаланады деп үміттенеміз», – деген елшіліктің жазбасында.

Осылайша, Тараздағы бүлік те күн өткен сайын әртүрлі көрініс беруде. Қазір қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жұмыстарына облыс бойынша 2 034 құқық қорғау органдарының қызметкерлері жұмылдырылса, Әулиеата аспаны әуеден де бақыланып отыр. Сондай-ақ құзырлы органдар егер халық қолды болған қаруды өз еркімен өткізбесе, 481 мың теңге көлемінде айыппұл арқалайтынын немесе 60 тәуліктен 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылатынын ескертіп жатыр.

Негізі қолды болған қаруды ерікті түрде өткізу туралы үндеу Жамбыл облысына бастау алып отыр. Бұл жайында облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі мәлімдеді. Алайда департамент мамандары ел ерікті түрде өткізген қару-жарақтың саны 40-тан асады дегеніне ақпарат беріп отыр. Сондай-ақ «қаруды өткізген азаматтардың үстінен тергеу жүре ме?» деген сұраққа да полиция өкілдері нақты жауап бере алмай отыр. Бір сөзбен айтқанда, қатаң құпиялық сақталған.

Қалай дегенде де, бұл – құптарлық бастама. Хабарламаның арқасында бүгінде аудан мен қала тұрғындарынан жаппай қару өткізу қарқын алуда. Ал ол қарудың қайсысына атылғаны, қайсысын бүлікшілер тастап кеткенін тәртіп сақшылары анықтай жатар. Біздің тілеуіміз – ел тыныштығы.

Айтпақшы, осыған дейін де «Қару» секілді ақциялар өңір-өңірлерде жанданып, өз еркімен тіркелмеген мылтығын өткізгендерге Үкімет тарапынан қолмақшы қаржы берілген болатын. Бәлкім, бұл жолы да ерікті түрде өткізілген қаруға белгілі бір сыйақы тағайындалса, тоналған қару-жарақты жинап алар ма едік? Енді бұны құзырлы мекемелердің қарауына қалдырдық...

Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

## Жалақы өсті, білім сапасы артты ма?

**Жыл мұғалімдер үшін жақсы жаңалықпен басталды. Осымен үшінші рет балабақша тәрбиешілерінің, мектеп пен колледждердің, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесі педагогтерінің жалақысы тағы 25%-ға ұлғайды. Мұғалім мәртебесінің артып, қағазбастылықтың азайғаны жақсы. Ал білім сапасында өзгеріс бар ма?**

### Көктем ҚАРҚЫН

Елімізде педагогикалық бағытта білім сапасын арттыру үшін іргелі реформалар жүргізіліп келеді. Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде алғаш рет «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. 2020 жылы дайындықпен педагогикалық бағытына түсу үшін шекті балл 60-тан 70-ке дейін, 2021 жылы 75-ке дейін көтерілді. Соған қарамастан педагог болғысы келетін жас түлектердің саны жыл сайын артып жатыр. Әсіресе, «Алтын белгі» иегерлері мұғалімді көп тандайды. Өйткені педагог мамандығында оқитын студенттердің шакіртақысы – 50 мың теңге, ал басқа студенттердің шакіртақысы – 32 мың теңге.

Бұрын мектеп директорлары бір орнында 15-20 жыл отыратын болса, қазір 5 жылдан артық басқару қызметінде бола алмайды. Мектепке тұрғысы келетін мұғалімдер енді директор арқылы емес, білім бөлімі арқылы жұмысқа орналасады. Сондай-ақ мұғалімдердің жалақысы жыл сайын көтеріліп келеді. Мысалы, Қазақстанның 5 аймағындағы мұғалімдердің жалақысы республикадағы орташа еңбекақыдан асады. Бір жыл ішінде білім саласы қызметкерлерінің жалақысы бірден 27 пайызға артқан. Өткен жылдың екінші тоқсанында мұғалімдердің орташа айлық жалақысы 233,9 мың теңгеге жеткен. Бұл бұрынғымен салыс-

### ҚАЛАДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АЙЛЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ:

Жас маманның 16 сағаттық айлық жүктемесі – **190 339** теңге;

5 жылдық іс-тәжірибесі бар, II санатты ұстаз – **248 501** теңге;

10 жылдық еңбек өтілі бар, I санатты ұстаз – **263 395** теңге;

15 жылдық еңбек өтілі бар, жоғарғы санатты ұстаз – **287 645** теңге жалақы алады.



### АУЫЛДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АЙЛЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ:

Жас маманның 16 сағаттық айлық жүктемесі – **224 328** теңге;

5 жылдық іс-тәжірибесі бар, II санатты ұстаз – **285 045** теңге;

10 жылдық еңбек өтілі бар, I санатты ұстаз – **301 023** теңге;

15 жылдық еңбек өтілі бар, жоғарғы санатты ұстаз – **327 595** теңге жалақы алады.



Елшір ҚАБА (инфографика)

тырғанда 26,8 пайызға көп. Балабақша қызметкерлері орта есеппен – 116,4 мың теңге, бастауыш білім – 193,4 мың теңге, орта білім – 273,7 мың теңге, жоғары білім 251,7 мың теңге жалақы алады. Педагогтердің еңбекақысын арттыру – ел болашағына салған үлкен инвестиция. Биылғы қаңтар айынан бастап Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен, барлық педагогтердің жалақысы тағы 25%-ға өсті. Сонымен қатар жалақымен бірге мұғалімдер алатын қосымша төлемдер де артты. Яғни, педагогке біліктілік санаты үшін, магистр дәрежесі үшін, ағылшын тілінде пәндерді жүргізгені, дәптер тексергені, сынып жетекшілігі мен тәлімгерлігіне төленетін үстемәқылар да өсті. Сондай-ақ мектепте жұмыс істейтін кітапханашылар, бухгалтерлер, зертханашылар және білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің жалақысы көбейді.

– Елдің барлығы «мұғалімнің жалақысы артса, білім сапасы да артады» деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Білім деңгейінің жақсаруы бірнеше факторға, оның ішінде мектептің материалдық-техникалық базасына байланысты. Мысалы, кейбір мектепте қарапайым карта жоқ. Екінші министрліктің бекітетін нормативтік құжаттарына, үшінші мұғалімге байланысты. Біз жанартылған білім беруге көшеміз деп білім мазмұнын өзгерттік. Әлі де баспадан шығатын оқулықтар мен білім берудің мазмұны сын көтермейді. Нәтиже-

сінде, сауатсыз ұрпақ тәрбиелеп жатырмыз. Кез келген оқушының дәптерін ашып қалсаң грамматикалық қатесін қойып, каллиграфиясынан шошисың. Жанартылған мазмұндағы білім беру жүйесінің мақсаты – дайын білім беру емес, дайын білім алуды үйрету. Сондықтан білім сапасының артуы немесе төмендеуі мұғалімнің өзіне байланысты, – дейді Мейіржан Темірбек.

Мұғалімнің айтуынша, жалақының өсуі педагогтердің материалдық қиыншылықтарын шешкенімен, қызмет ету процесіне еш өзгеріс әкелмеді. Жалақыға әсер ететін фактор көбіреген. Оның бір-сараны жоғарыда атап өттік. Ең негізгі әсер ететін – ұлттық біліктілік тесті. Жақсы тапсырып, нәтижесі жоғары болған маманның қалтасы да қалындайды.

### ЖАЛАҚЫ ЖЫЛ САЙЫН ӨСКЕН

Әр жылы ұстаздардың жалақысы қалай өзгергеніне көз жүгіртіп көрейік. 2002 жылы ел бойынша орташа жалақы 20 323 теңге болса, білім саласында 15 233 теңге болыпты. Жалпы, елімізде ұстаздар жалақысының жыл сайын өсіп отырғаны байқалады. Жүктемесіне байланысты түрлі деңгейде жалақы алып жүрген ұстаздар жетіп артылады. Дегенмен 2016 жылы білім беру саласы қызметкерлерінің орташа жалақысы 100 мыңдық межеге жақындап, 99 мың теңге көлемінде болды да, келесі жылы бұл межеден асты. 2020 жылы

мұғалімдердің орташа еңбекақысы 184 мың теңге, 2021 жылы 233 мың теңге болған. Білім және ғылым министрі инфляция деңгейі ұстаздар жалақысын құнысыздандырмайды деген ойда. «Президент педагогтердің жалақысын екі есе көтеруді тапсырды. Ұстаздар бүгінде әртүрлі айлық алады. Жас маман болса, кем дегенде 70 мың алады. Ағылшыныша сабақ жүргізетіндер 200 мың теңгеге дейін табады. Яғни, жалақы оның ауыл не қалада жұмыс істегеніне, санатына, дәрежесіне байланысты», – деген еді министр Асхат Аймағамбетов.

### ЖЕМҚОРЛЫҚ САПАҒА ТҰСАУ

Мұғалімдердің жалақысы өскен сайын басшылықтың пара алуы үдеп келе жатқандай. Пара алған жерде сапа болмасы анық. Күні кеше ғана Түркістан облысындағы білім бөлімінің басшысы Құрайлы Шадиева мен жергілікті №14 мектептің директоры Арман Пернебаевтың қылмыстық ісі белгілі болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жедел-тергеу жұмыстары нәтижесінде қудіктердің мұғалімді мектепке жұмысқа тұрғызу үшін миллион теңге талап еткені анықталған. Білім саудаға түскен соң болашақтың бұлғыңыр болары анық. Қазір жемқорлық білім мекемелерінде еркін жайылып кетті. Бұл шалғайдағы мектеп директорлары мен білім бөлімінің басшыларына да қатысты. Естүімізше, ауыл мектебіне мұғалім болып жұмысқа

кіру 500 мыңнан басталады екен. Ал Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қаржылық мониторинг агенттіктері 2021 жылы білім саласында 250 қылмыстық құқықбұзушылықты тіркеген. Мұғалімдердің аттестациядан өтуі, портфолио дайындау секілді дүниенің бәрі ақшаға тірелетіндей. Сондай жағдайда мұғалімнен сапа талап ете аламыз ба?

### ҚАЙ ЕЛДІН МҰҒАЛІМІ «БАЙ»?

Барлық елде экономиканың дамуы бірдей емес. Бір ел мұғалімдерді жоғары мәртебелі мамандықты қатарына қосса, екінші ел мүмкіндігінше ұстаздарға жағдай жасауға тырысады. Дегенмен мұғалімдер жалақысының көлемі бірнеше факторға байланысты. Ең алдымен, ұстаздың кәсібиілігіне, сабақ өтетін сағатына, еңбек өтіліне. Ал 2020-2021 оқу жылында әлем бойынша қай мемлекеттің мұғалімдері көп жалақы алды? Салыстырып көрейік.

Әлемдегі ең жоғары жалақыны Люксембург мұғалімдері алады. Олардың айлығы – 5 850 еуро шамасында. Ел ұстаздары элиталық топтың құрамына жатады. Сондықтан Люксембургте мұғалім болу оңай емес. Негізгі талап – люксембург тілін білу. Білім беру жүйесінде бәсекелестік жоғары. Негізінен 40 жасқа дейінгілер ғана мұғалім бола алады. Ал АҚШ-та ұстаздың айлығы қай аймақта жұмыс істегеніне байланысты. Мысалы, Онтүстік Дакотада – 3 210

доллар, Нью-Йорк, Калифорнияда ұстаздар ай сайын 7 510 доллар жалақы алады. Ал орташа есеппен алғанда АҚШ-тағы мұғалімдердің жалақысы 3 900 доллар шамасында. Мұғалімді ерекше құрметтейтін елдің бірі – Жапония. Самурайлар елінде кез келген адам мұғалімге тұрғып сәлем береді, ізет білдіреді. Ұстаздар арасындағы бәсекелестік те жоғары. Бір орынға 20 орыннан келеді. Ал мұғалімнің орташа жалақысы – 3 990 доллар.

### ЕҢБЕКАҚЫ КАЛЬКУЛЯТОРЫ

Мұғалімдер еңбекақысының дұрыс есептелуін тегін онлайн калькулятор арқылы қалағай алады. Калькулятор FavorIT сайтында орналасқан. Бастысы, калькулятор дұрыс нәтиже беруі үшін шынайы мәліметтерді енгізу қажет. Егер оның нәтижесі мен сіздің еңбекақыңызда айырмашылық болса, онлайн калькулятор есебін қағазға шығарып, мектеп бухгалтеріне қайта санатуға болады. Жалпы, Еңбек кодексіне сәйкес, бухгалтер педагогке ай сайынғы еңбекақысы мен ондағы төлемдер, аударымдар жайлы анықтама беруге міндетті.

### ТҮЙІН:

Мұғалімдер жалақысының өсуі мұнымен тоқтап қалмайды. 2023 жылы сала мамандарының жалақысы тағы 25%-ға артады. Бұл өзгеріс бір кездері қалдырып, берекесі кеткен мамандықтың тамырына қайта қан жүгірткендей.

# 95 миллиард «көмілген» жолдар...

**Солтүстік Қазақстан облысында жолдарды жөндеуге соңғы үш жыл ішінде 95 миллиард теңге бөлінген. Бірақ соған қарамастан жолдардың сапасы әлі де сын көтермейді. Қыруар қаржы құйылып жөнделген жолдардың өздері аз ғана уақыттың ішінде жарамсыз күйге түсіп жатыр. Бұған не себеп және кім кінәлі?**

Солтүстік Қазақстан облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бақармасы басшысы Мақсат Баяхметовтің айтуынша, облыстағы автомобиль жолдарының желісі — 8 996 шақырым. Жақсы және қанағаттандырылғы жағдайдағы жолдардың көрсеткіші 70 пайыздан сәл ғана асады. Ал бөлінген қаражат қыруар. Мақсат Қуанышбайұлы келтірген деректер бойынша, 2018 жылы облыстық және аудандық маңызы бар және елді мекендердің жолдарын жөндеуге 14,6 млрд теңге бөлінсе, былтыр бұл сома 24,4 миллиард теңгеге жеткен. Бұл қаржыға 800 шақырымнан астам жол жөнделіпті. Бірақ жолдардың сапасы әлі де көңіл көншітпейді.

Бір ғана мысал — былтыр Мағжан Жұмабаев ауданындағы Возвышенка ауылының айналма жолының 3 шақырымын жөндеу үшін жуырда ғана жөнделген 30 шақырым жол бұзылған. Бұл туралы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Қайрат Омаров айтты. Оның айтуынша, 2016–2018 жылдар аралығында күрделі жөндеуден өткен Возвышенка–Молодоговардейское жолы қазір мүлдем жарамсыз. Бұл тұрғындардың наразылығын туғызып отыр. Бұған 3 шақырым айналма жолды жөндеу кезінде құрылыс материалдары тиелген жүк көліктерінің әрі-бері ойқастауы себеп. Аудан әкімі көліктің бақылау инспекциясына жүгінгендерімен, одан еш нәтиже шықпағанын айтты. Ал көліктің бақылау инспекциясының басшысы Рустам Сейталиев өз мамандары тексеріске шыққан кезде тасымалдаушылар сап тыйылып, кеткен соң қайта бастайтындарын айтып ақталды. Бірақ қызметкерлер мен жылжымалы қосындар саны аз болғандықтан әрі қолда бар арнайы техника өбден тозғандықтан, 9 мың шақырым жолды толық қамти алмайтындықтарын мойындады. Рустам Мақсатұлының айтуынша, былтыр 12 айда инспекция мамандары автокөлік құралдарын тексеру нәтижесі бойынша 1 187 әкімшілік іс

қозғаған. Анықталған заңбұзушылықтар бойынша 64,2 миллион теңге айыппұл салынған.

## АУЫР КӨЛІКТІҢ ЗИЯНЫ КӨП

Рустам Сейталиев ауыр салмақты көліктерді пайдалануға жүргізілген талдауға сәйкес, олардың басым бөлігі жол құрылысы жұмыстарына жұмылдырылғаны анықталғанын атап өтті. Сөйтіп, жолдың бір учаскесін жөндеу үшін құрылыс материалдарын тасымалдаған көліктер басқа жолдарға зиян келтіруде. Сондықтан көлік инспекторы жол жөндеу мердігермен келісім жасалған кезде о баста осы мәселеге назар аударылуы тиіс деп санайды. Көліктерге, әсіресе карьерлерде шамадан тыс жүк тиеледі.

*Қиындық тудырып отырған тағы бір мәселе — шамадан тыс ауыр және қауіпті жүк тасымалдағаны үшін тоқтатылған көліктерге арналған коммуналдық тұрақ жоқ. Облыс аумағында тек Петропавл қаласында ғана жалғыз айып тұрағы бар. Онда орын шектеулі.*

Мұндайды болдырмау үшін көліктің бақылау инспекциясы жер қойнауын пайдаланушыларға көлік заңнамасы және Экологиялық кодексті талаптарын сақтау керектігі, әйтпеген күнде әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны туралы үнемі ескерту хат жолдайды. Облыс аумағында құм, балшық, кийршық тас және басқа да инертті материалдар өндіретін 8 карьер бар болса, былтыр оларға қатысты рұқсат етілген параметрлерді асырғаны үшін 90 әкімшілік материал жиналыпты. Сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылық жасауға жоқпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы 8 ұсыныс пен ондайға жол бермеу бойынша 25 ұсыныс берілген. Рустам Сейталиевтің пікірінше, ауыр салмақты жүк көліктерінің жолға жүктемесін азайту үшін инертті материалдар теміржол арқылы жеткізілуі тиіс. 2019–2020 жылдары жол құрылысымен айналысатын кейбір компаниялар осындай тәжірибені енгізген екен. Алайда Рустам Мақсатұлы инспекция қызметкерінің ескертуін құлағына қыстырмайтындар бар екенін де

жасырған жоқ. Сол үшін инспекторлар өзге де бақылаушы және құқық қорғау органдарымен бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер де жолдарды езіп-жаншудан кенде емес. 2–3 тіркеме тіркеп, салмақты шамадан тыс асыратындар бар. Осыған орай облыс әкімі Құмар Ақсақалов барлық ел бойынша 25 сантиметрлік бетон жол салу мүмкін емес екенін айтып, айыппұл көлемін ұлғайту керек деген ойын білдірді. Өңір басшысы бірде өзі тоқтатқан көлікті өлшеген кезде салмағы 11 тонна екені белгілі болған. Рұқсат етілгені — 8 тонна. «Осы көлік күнде-күнде бір жолмен жүре берсе, жолдың қандай күйге түсетіні белгілі. 2025 жылға дейін сапалы жол-

дардың көрсеткішін 98 пайызға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бірақ мемлекет қаржысына салынған жолдарды сақтап қалуы да ойластыру керек», — деді Құмар Іргебайұлы.

Қиындық тудырып отырған тағы бір мәселе — шамадан тыс ауыр және қауіпті жүк тасымалдағаны үшін тоқтатылған көліктерге арналған коммуналдық тұрақ жоқ. Облыс аумағында тек Петропавл қаласында ғана жалғыз айып тұрағы бар. Онда орын шектеулі. Сондықтан қала басшылығы айып тұрағында сақтау мерзімі асып кеткен көліктерді сату туралы шешім қабылдап отыр. Тағы бір мәселе — облыс аумағындағы жолдардың бойында автокөліктердің салмағын анықтау үшін арнайы өлшейтін орындар жоқ. Әрі мұндай өлшеу орындары автоматты түрде жұмыс істегені дұрыс деген ойын білдірді көлік инспекторы. Өйткені жүргізушілер мен инспекторлардың тікелей байланысы сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын көрінеді.



## САПАСЫЗ ЖӨНДЕЛГЕН ЖОЛ КӨП

Ең өзекті мәселе — жолдардың сапасыз жөндеуі. Жұмыс сапасын сараптаумен айналысатын жол активтері сапасы орталығы облыстық филиалы директорының міндетін атқарушы Марат Дәрібаевтың айтуынша, былтыр республикалық маңызы бар жолдарда 27 нысан жұмыстар мен материалдардың сапасын бақылаумен қамтылған. Жол мамандары бұл нысандарға 283 рет барып, материалдардан 313 сынама алыпты. Нәтижесінде 347 кемшілік анықталған. Соның ішінде 36-сы — өрескел, 145-і — айтарлықтай кемшіліктер. 58 сынама нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес болмай шыққан. Ал облыстық маңызы бар жолдарда бұл көрсеткіш — 75. Әрі 82 кемшілік анықталған. Негізінен технологиялық үрдістер бұзылған, асфальт төсеген кезде температуралық режим сақталмаған. Жаңа төселген асфальт жарылып, жолдарда ой-шұңқыр пайда болған.

Сапаны ішкі бақылау қызметі тек ірі компанияларда ғана бар. «Жол құрылысы барысында кемшіліктерді азайту үшін мердігерлерде тым құрығанда кішігірім зертхана болғаны абзал. Немесе жекелеген арзанқол өлшеу құралдарын сатып алса да болады. Конкурстық құжаттамада мердігер сапаны қамтамасыз етуі тиіс екені жазылған. Сапаны ішкі бақылау қызметі «Каздорстрой», «Көкшетау жолдары» және «Көкшетауавтодор» компанияларында ғана бар», — деді Марат Дәрібаев. Сондай-ақ ол жұмыс және материал сапасын сараптауға кейбір аудандар құлықсыз екеніне тоқталды. Мәселен, 13 ауданның жетеуі ғана жол активтері сапасы орталығымен келісімшарт жасасыпты.

Марат Дәрібаев жол құрылысы кезінде техникалық қадағалау мамандары тарапынан тиісінше бақылау жоғын атап көрсетті. Техникалық қадағалау мамандары әрдайым құрылыс нысанында болуы тиіс.

Соған қарамастан олар көбінесе орында болмай шыққан немесе бір сарапшы 4–5 нысанды бақылайтыны анықталған. Кемшіліктер негізінен осындай нысандардан анықталып отыр. Дегенмен Марат Дәрібаев бұл кемшіліктердің бәрі де ескертуден соң түзетілгенін айтып сендірмек болды.

Бірақ облыс әкімі Құмар Ақсақалов кемшіліктер 100 пайыз түзетілген болса, жолдар кепілді мерзім ішінде бұзылмай, сапалы күйін сақтау керек еді деген сын айтты. «Барлық кемшілік түзетілген болса, нәтижесінде 1–2 жылдан соң жолдар жарамсыз күйге түседі? Бұл салаға миллиардтап, тіпті жүздеген миллиардтап қаржы бөлініп жатыр. Нәтиже болуы керек қой. Кейбіреулер нарықты монополияға айналдырып алған. Заңнамадағы ақтандарды өз пайдасына қолданып, жауапкершіліктен жалтаралды. Мәселен, техникалық қадағалау саласында бір кәсіпорын 3–4 жобаны алып, бір мезгілде жұмыс жүргізеді. Бұл дұрыс емес. Мәселен, штатында 15-ақ қызметкері бар «ЕсілСтройКомпания» кәсіпорны былтыр 100 нысанды алып алған. 15 адаммен олар қалай 100 нысанды қамтымақ? Бұл компаниядан басқа ешкім техникалық қадағалау жүргізе алмай ма? Жол сапасын қадағалаушылар либералды түрде жұмыс істейді. Бұған заңда тыйым салынған. Заң бойынша өте қатал жұмыс жүргізуге тиіссіздер. Жалпы, бұл мәселе терең зерттеліп, дұрыс жолға қойылуы тиіс», — деген облыс әкімі жауапты тұлғаларға тиісті тапсырма берді.

Қорыта айтқанда, қыруар қаржы бөлінген жол құрылысын қадағалау және жөндеген жолдарды күтіп ұстау үшін түрлі мемлекеттік мекемелердің бірлескен жұмысы қажет әрі бұл салада тәртіп орнатқан абзал. Сонымен қатар әркімнің, әсіресе ауыр салмақты көлік иелерінің жеке жауапкершілігін арттырмайынша, мәселе оң шешімін табуы ықтимал.

**Роза ШӘКЕН,**  
Солтүстік Қазақстан облысы

# Қолқаны қапқан иіске шыдап жүр



**Көкшетаудың тап іргесіндегі Краснояр ауылындағы көпқабатты үйлердің тұрғындары көріз жүйесінің зардабын жылдар бойы тартып келеді. Мұнда көріз салынбақ тұрмақ, көріз жүйесі де мүлдем жоқ. Жылдар бойы биліктің табалдырығын тоздырғанымен, тұрғындардың ащы жанайқайы шешілмей тұр. Ал көріз жүйесін салатын қомақты қаражат бюджет қоржынынан бөлінбеген. Үйлердің жанына салынған септиктер аз уақытта толып қалып, тіпті құбырлары жарылып, нәжіс төгілетін уақыттар жиі болады. Сасық иістен шаршаған тұрғындар жақында мәселені тағы бір рет қалалық мәслихат жанындағы қоғамдық кеңесте көтерді.**

## МҮЗ АЙДЫНЫНА АЙНАЛҒАН...

Ауылдағы Целинная, Абай, Новоселов көшелеріндегі қос қабатты үйлердің тұрғындары жарылғыш құбырларды өздері қаражат шығарып, жамап-жаскайтынын айтады. Халық қала және облыс әкімдігіне шағымданғанымен, құрғақ уәделен аспай тұрғанын жеткізді.

«Орталықтандырылған көріз жүйесі мәселесін сонау 2012 жылдан бері көтеріп келеміз. Кенес уақытында салынған көріз сорғылық стансасы болған. Бірақ қазір

көп үйлер одан ағытылып қалған. Жетпістен астам үй қазір көрізсіз отырмыз. Оған осыдан үш-төрт жыл бұрын салынған жаңа үйлер де қосылды. Бұған дейін 20 жылдан астам су мен жылу да болмаған. Оны айқайлап жүріп зорға қойдырдық. Септик құдықтарын екі-үш үйден бірігіп өз күшімізбен қазғанбыз. Көріз болмағандықтан, септиктер жиі толып кетеді. Әбден шірі бастаған құбырлар да шыдамай жарылып кетеді. Ондай кездері сасық иістен мен-зен боламыз. Үйлердің, аулалардың алдына

дейін жайылып кетеді. Көлемі 8–9 куб үлкен көліктерді шақыртымыз. Оның өзі бір рет тазалағаны — 3500 теңге. Ай сайын төрт-бес мүшесі бар отбасы кемінде 5–6 мың теңге шығарады. Қалалық, ауылдық әкімдікке, тіпті облыс әкімдігіне де кіріп, талай мәрте арызданып хат та жаздық. Бірақ құрғақ уәдеге тойып болдық» — дейді қоғамдық кеңестегі азаматтық қабылдауда сауал қойған Краснояр ауылының тұрғыны Айман Әлиева.

Тұрғындар қалалық құрылыс бөліміне барып, жағдайды білмек болған. Бірақ олар сметалық құрылыс жобасы әзірленіп жатқанын айтып, шығарып салған. «Мамандардың көшелердегі ескі құбырлардың қайда екенін білместен сурет салғандары қалай?» дейді тұрғындар.

## БӨЛІНГЕН МИЛЛИАРДТАР ҚАЙДА КЕТТІ?

«Кенес кезінде салынған құбырлардың қалай өткенін бұрынғы қызмет еткен адамдар, тұрғындар біледі ғой. Бәлкім ескі көріз сорғы стансасына қосымша сорғы орнатып қосуға да болар ма еді. Ал ескі құбырлар өткен жерлерді тексеріп

келген бір адам болмады. Ал өткен жылы бұрынғы қала әкімі Амангелді Смайылов «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасымен 2 млрд 800 миллион бөлініп мәселелеріміздің шешетінін айтқан. Өткен қыркүйекте Көкшетауға жаңа әкім болған Бауыржан Ғайса келіп көрген. Ақша бөлінетінін, көріз жүйеміздің салынатынын айтқан. Алайда әлі күнге еш өзгеріс жоқ», — дейді Айман Ғазизқызы.

## КОМАКТЫ ҚАРАЖАТ ҚАЖЕТ

Мәселені тұрғындардан бөлек қалалық мәслихат депутаттар да бірнеше мәрте көтеріпті. Депутаттар көріз жүйесін салуға қомақты қаражатты қажет етіп отырғанын айтқан.

«Бұл өткір әрі күрделі мәселе болып отыр. Тұрғындармен қатар Краснояр ауылында көріз жүйесін салу депутаттық корпуспен де бірнеше мәрте көтерілген. Орталықтандырылған көріз жүйесі мұнда ешқашанда болып көрген жоқ. Мен тағы бір мәрте депутаттық сауал жолдаймын. Алайда аталған жайт бір күнде шешіле қалатын мәселе емес. Өйткені оған қомақты қаражат салынуы тиіс. Мұнымен қоса толығымен көріз сорғылық станса-

сының құрылысын да жүргізу қажет. Ал құрылыс аяқталған соң оны Көкшетау қаласының көріз жүйесімен біріктіру керек. Дегенмен аталған жағдайды біз көтеретін боламыз», — дейді Көкшетау қалалық мәслихатының депутаты Рүстем Қалышев.

## ӘЛІ ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР

Аталмыш мәселеге орай, бірден Краснояр ауылы әкімдігінен хабарласты. Әкімдіктегілер көріз жүйесінің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатқанын жеткізді.

«Иә, көріз жүйесі мәселесі бар. Қазір жобалық-сметалық құжаттамалар жасалып жатыр. Оны толығырақ құрылыс бөлімінен біле аласыз», — деді Краснояр ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Алмат Мұқышев.

Мәселені құрылыс бөлімінен толығырақ білмек болдық. Олар да жобалық-сметалық құжаттаманың жасалып жатқанын айтып ақталды.

«Өткен жылғы мәслихаттың екі бірдей сессиясында ақша бөлінген жоқ. Қазір «Тау-Проджект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен көріз жүйесінің жобалық-сметалық құжаттамасы жасалып жатыр. Техникалық шарттары жүргізіліп жатыр. Жер учаскелерін рәсімдеу болып жатыр. Дегенмен әлі сараптамадан өткен жоқ. Жобалық-сметалық құжаттама жасалған соң келер жылы бюджеттік өтінім бермекпіз. Егер қаражат бөлінсе, құрылыс жұмыстары басталуы тиіс», — дейді Көкшетау қалалық құрылыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айдын Жәніс.

**P.S.**

**Жергілікті билік жобалық-сметалық құжаттаманың жасалып жатқанын айтып созбақтады. Әңгімеден құрылыстың ауылы алыс екені анық байқалды. Ал он жылдан астам уақыттан бері көріз жүйесін сұрап жүрген жұрттың әлі қанша уақыт төгілген нәжістен зардап шегетіні белгісіз...**

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**  
Ақмола облысы



## Елена Рыбакина Зарина Диясты жеңді



**Қазақстанның бірінші, әлемнің 12-ракеткасы Елена Рыбакина Аустралия ашық чемпионатының екінші айналымына шықты.**

Рыбакина алғашқы кезеңде отандасы, рейтингте 104-орында тұрған Зарина Дияспен кездесті. Бірінші партияда Елена қарсыласынан 7:6 (7:3) есебімен жеңілді. Алайда екінші сетте таразы басын теңестіріп, жағдайын жақсартып алды. Негізі, бұл партияда Рыбакина медициналық көмекке жүгініп, аздаған үзіліс алған болатын. Артында тартысқа толы кездесуде

матчболды пайдалана алмаған Заринаны тай-брейкте 7:6 (7:3) есебімен қапы қалдырды.

Үшінші партияда Қазақстанның бірінші ракеткасы Зарина Дияста еш мүмкіндік қалдырмады. Қорытынды есеп – 6:1. Елена 2 сағат 35 минутқа созылған тартысты матчта 9 эйс жасап, 12 брейк-пойнттың төртеуін пайдаланды. Зарина эйс жасамай, 2 брейкпен (10 брейк-пойнт) шектелді.

Енді Елена екінші айналымда рейтингте 74-сағатқа қытайлық Чжан Шуаймен шеберлік байқасады.

Еске сала кетейік, жеке кейін сында өнер көрсеткен Михаил Кукушкин, Юлия Путинцева, Тимофей Скатов алғашқы айналымда қарсыластарынан жеңіліп, жарыс жолынан шығып қалды. Ал Аустралия ашық чемпионатының келесі кезеңіне Қазақстаннан жеке кейін Александр Бублик пен Елена Рыбакина ғана жолдама алды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

## Бейжіңге 82 жолдама бар

Бүгінде ақ Олимпиада ойындарына арналған барлық іріктеу және рейтингтік додалар аяқталып, жолдамалардың басым бөлігі үлестірілді. Нәтижесінде, қазақстандық атлеттер спорттың 8 түрінен 82 жолдамаға қол жеткізді. Бұл туралы Ұлттық Олимпиада комитеті хабарлады.



Шаңғы жарысы бойынша 30 жолдама қоржында. Фристайлшылар тоғыз жолдамаға ие болған. Соның ішінде могул бойынша – 5, акробатика бойынша 4 жолдама бар. Конькишілер мен биатлоншылар – 12, шорт-трекшілер тоғыз жолдаманы қоржынға салды. Тау шаңғысы мен шаңғымен тұғырдан секіру спортынан ел құрамалары төрт жолдамадан еншілесі, шаңғы қосайысынан отандық спортшылар екі лицензияға иелік етті.

Бүгінде олимпиадалық құрама сапына 32 спортшы енді. Айта кетерлігі, бұл – спортшылардың соңғы әрі нақты саны емес. Себебі ҰОК кейбір спорт түрлерінен халықаралық федерациялардың лицензияларды қайта бөлу, үлестіру нәтижелерін күтеді. Атап айтқанда, биатлон, шаңғы жарысы, могул және акробатиканы тағы да жолдамалар үйлестірілуі мүмкін. Олимпиада ойындарына қатысатын спортшылардың соңғы әрі нақты тізімі 20 қаңтардан кейін белгілі болады.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев XXIV қысқы Олимпиада ойындарының дайындығы жайында жиын өткізді. Министр алдағы қысқы Олимпиада ойындарында ұлттық құраманың алдында тұрған бірқатар міндетке тоқталды.

Ел үшін қазіргі қиын жағдайда, соның ішінде коронавирус инфекциясы көбейген кезде біз спортшыларымызға алдағы олимпиадада допингсіз, жанжалсыз, лайықты өнер көрсету міндетін қойдық. Әрине, әрбір спортшы жетістіктің шыңы саналған олимпиада медаліне ұмтылады. Ал біз олимпиадасыларымыздың кез келген жетістігіне қуанамыз. Бұл үшін мемлекет қолдан келгенін барлығын жасап, спортшыларды дайындау, сапалы жаттығу, оқу-жаттығу жиындары және іріктеу

жарыстарына қатысу қаржыландырылды, – деді Мәдениет және спорт министрі.

Бүгінгі күннің басты міндеті спортшылар мен жаттықтырушылар денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау болып отыр. Олардың көпшілігі, яғни іріктеу турнирлерін аяқтағандар соңғы апта бойы жағдай карантин аймақтарында орналасты. Онда дайындықтың соңғы кезеңі жүріп жатыр.

Әлемдік додалар аяқталған соң Бейжіңге ұшпас бұрын спортшылар карантинде уақыт өткізеді. Барлық спортшы кешенді-ғылыми топ мамандарының үздіксіз бақылауында. Мәдениет және спорт министрлігі мен ҰОК спорттық жарыс күнтізбесі бойынша додаларға қатысу, дайындық жұмыстары, шетелдік оқу-жаттығу жиындары мен жарыстар, оның ішінде еліміздегі халықаралық жарыстарға қатысу үшін командаларға барлық жағдайды жасады. Енді спортшылар ең жауапты кезеңге аяқ басып отыр, – дейді ҰОК Бас хатшысы Андрей Крюков.

Олимпиада ойындарының барлық қатысушысының қозғалысы қатысушылардың денсаулығына қауіп төндірмеу және алдын алу мақсатында арнайы басшылықпен қатан түрде бекітілген талаптар мен қағидағар жиынтығынан тұратын нұсқаулық плейбукпен реттеледі. Тек олимпиада ойындары кезінде емес, бұл нұсқаулық Қытаймен шекарадан өтер алдында да қатан түрде қаралады.

Қазақстан құрамасы 27 қаңтар күні чартерлік Air Astana рейсімен Нұр-Сұлтаннан Алматы арқылы Бейжіңге аттанады. Айта кетерлігі, Қазақстан құрамасының олимпиадалық формасының таныстырылымы 20 қаңтарға жоспарланған.

Ә.ЖАСАН

## Бибисара елге оралды

**Жылдам шахматтан (блиц) әлем чемпионатының жеңімпазы Бибисара Асаубаева елордаға келді. Жас шахматшыны әуежайдан жақындары мен жанкүйерлері күтіп алды.**

Бибисараны жарқын жеңісімен құттықтауға Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ергалиев те келді. Ол Бибисараның жетістігіне зор үлес сіндірген анасының еңбегін ерекше атап өтіп, оған алғысын білдірді.

– Шахматтан әлем чемпионатында ең жас әлем чемпионы атанып, жарқын жеңісімен қазақ елін қуантқаны үшін Бибисараға алғысымызды білдіреміз. Бибисараның жеңісіне анасының қосқан үлесі зор. Отандасымыздың бұл жеңісі барша шахматшыларға үлгі болып, ел спортшының тарихында қалары сөзсіз, – деді комитет төрағасы.

Рapid және блицтен әлем чемпионаты (FIDE World Rapid and Blitz) – спорт жанкүйерлерінің көпшілігі үшін шахмат күнтізбесіндегі ең сүйікті және асыға күтетін жарыстарының бірі. Аталған спорттық іс-шараға 50 елден 200-ге жуық спортшы – әлем чемпиондары мен вице-чемпиондары, қазіргі ел чемпиондары және әлемнің рейтингі жоғары шахматшылары қатысты. Бұған дейін Асаубаева классикалық шахматтан 8, 10, 12 және 14 жасқа дейінгі қыздар арасында әлем чемпионы, 7, 9 жасқа дейін-



гі мектеп оқушылары арасында әлем чемпионы атанған еді. Спортшының бұл жолғы әлемдік турнирдегі жетістігі ел мерейін асқатқатты.

– Варшава қаласындағы турнир 5 күнге жалғасты. Турнир оңайға соқпады. Үш күн rapid, екі күн блиц, 5 күнге созылған жарыста соңына дейін табандылық көрсету керек болды. Мен бірінші тақтада ойнап rapidте соңғы партияны жеңіп, екінші орынды иелендім. Блицте сегізінші айналымнан бастап, көш бастадым. Ақтық кезеңге дейінгі айналымда айқын басымдылықпен бірінші орынға көтерілдім. Негізі, бұл жарысқа тыңғылықты дайындалдым. Бұған дейінгі ең жоғарғы жетістігім 13 жасымда rapidтен 10-орын

алғаным еді. Жеңіс тұғырында тұрып, Қазақстанның Әнұраны ойнағанда бойымды ерекше мақтаныш сезімі кернеді, – деді Бибисара Асаубаева.

Гроссмейстер елге келген соң елордадағы кішкентай шахматшылармен бір партия шахмат ойнап, шеберлік сағатын өткізді. Өз кезегінде Қазақстан шахмат федерациясының өкілдері отандық жас шахматшыларды Бибисараның жеңісі жігерлендіретінін айтты. Сондай-ақ жас буынның арасынан мықты спортшылардың жоғары нәтиже көрсету тенденциясы Қазақстанда ерекше байқалатынын да тілге тиек етті.

А.ЖАСАНҰЛЫ

## Семейдің жартысы сусыз қалды

**17 қаңтарда Семей қаласының оң жағалауы сусыз қалды. Су болмағаннан кейін үйлердің іші де салқындап кеткенін айтады тұрғындар. «Шаһар тұрғындары судың неге берілмей жатқанын, қалпына келтіру жұмыстарының қашан аяқталатынын күні бойы біле алмады.**

Осы салаға жауапты арнайы қызметтер де телефонға жауап бермеді. Жергілікті әкімдік тек кеш батқанда жауап берді» дейді қала тұрғындарының бірі. Тұрғындар су жоқ болғандықтан, үйлерінің салқындап кеткеніне де шағымданған-ды. «Теплокоммунэнерго» мекемесінің өкілдері де мұны растап: «Семей Водоканалға» қарасты оң жағалауда апат болғандықтан, біздің жылу пункттеріміз де сусыз қалды» деп хабарлаған болатын.

Семей қалалық әкімдігінің өкілдері не дейді? Олардың хабарлауынша, 17 қаңтарда шама-



мен таңғы сағат 7.30-да Смычка су жинағышында негізгі күштік кабельдің істен шығуына байланысты су беру тоқтатылған. Сағат 9.20-да қосымша күштік кабель іске қосылған. Сағат 12.30 шама-сында ол да істен шыққан. «Кабельдің істен шығуының себебі – мердігерлердің қателігі. Олар электрмен жабдықтау желі-

лерін орнату кезінде жерді қазу жұмыстарын жүргізгенде кемшілікке жол берген. Қазір бүлінген жер анықталып, қалпына келтіру жұмыстары басталды. Сағат 17.00-де екі кабель де қалпына келтірілді. Осыдан кейін технологиялық циклге сәйкес резервуар толтырылып, екі желілік сорғы қалалық магистрал-

дық желіге қосылды. Үш сағат көлемінде барлығы қалпына келуі тиіс» делінген қалалық әкімдіктің 17 қаңтарда кешке жақын таратқан ақпаратында.

Жалпы, Семейде судың берілмей қалуы бірінші рет тіркеліп отырған жағдай емес. Мұндай жағдай былтыр да бірнеше рет қайталанған. Мәселен, 2021 жылы 19 қыркүйекте су жүргізу магистралінде апат болып, 80 үй, яғни 1105 абонент сусыз қалған еді. Жарты ай өтпей қаланың Восстанный кенті, «А», «Б» кварталдары мен бірнеше жеке үйлердің де суы өшірілген болатын. «Семей Водоканал» мекемесінің мамандары «бұған желідегі апат себеп болды» деп түсініктеме берген еді сол кезде. 2020 жылы тамыз айында да қалада су құбыры жарылып, 350-ден астам абонент, яғни 15 көпқабатты, 7 жеке үй мен екі балабақша сусыз қалған еді.

Азамат ҚАСЫМ,  
Шығыс Қазақстан облысы

## Еуропа чемпионатына аттанды

**Футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасы EURO-2022 турнирінің финалдық кезеңіне қатысу үшін Нидерландқа ұшып кетті.**

Құрлық турнирінде Қазақстан командасы В тобында сыңға түседі. Бұл топта Италия, Словения, Финляндия құрамалары бар. Кака жаттықтыратын спортшылар 20-28 қаңтар аралығында Гронингенде кездесу өткізеді.

Еуропа чемпионаты Нидерланд–Португалия матчмен басталады.

А.ЖАСАНҰЛЫ



## Жекпе-жек уақыты ауысты

**Орта салмақта өнер көрсететін қазақстандық кәсіпқой боксшы Мейірім Нұрсұлтановтың (15-0, 8 KO) WBO International титулы үшін өтетін жекпе-жегінің жаңа уақыты белгіленді.**

BoxRec порталының мәліметінше, бұл аяқас 22 қаңтардан 5 ақпанға ауыстырылды, өтетін орны өзгеріссіз, Ақтау қаласында.

Мейірімнің қарсыласы ресейлік Андрей Сироткин. Жекпе-жек 10 раундқа есептелген.

Еске салайық, Нұрсұлтанов кейінгі жекпе-жегін өткен жылы 6 қарашада Ақтау қаласында өткізген еді. 8 раунд қорытындысы бойынша қазақстандық боксшы төрешілер шешімімен 33 жастағы белорус Дмитрий Атроховтан (16-12, 7 KO) басым түсті.

Әбімансұр ЖАСАН



Меншік иесі –  
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ

Бас редактор –  
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ –  
Бас редактордың

бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС –  
шығарушы редактор

Асқар БЕК –  
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА –  
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІАЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –

Ақмола облысы

Нұрболат АДЫРБЕК –

Алматы қаласы

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ –

Атырау облысы

Саятхан САТБАҒАН –

Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –

Қарағанды облысы

Назғұл НАЗАРБЕК –

Шымкент қаласы

Роза ШӘКЕН –

Солтүстік Қазақстан облысы

Азамат ҚАСЫМ –

Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102

Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102

Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4059

Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй  
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әмірқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114